

#КүшімізБірлікте

Мен үшін мемлекеттің мүддесі, азаматтарымыздың қауіпсіздігі бәрінен де маңызды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

5

МӘСЕЛЕ



ОНЛАЙН ОҚУ сапасы қандай?

9

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.02.2022

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



+1+2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

6.02.2022

Түнде:



-2-7 °C

Көшпелі бұлтты.
Жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашын
(көбіне жаңбыр).



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №12-13 (6148) 5 ақпан, сенбі, 2022 жыл.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯДЫ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының астанасында басталған XXIV Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысты.

2

ӘКІМ

ИНВЕСТИТОРЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алматының Халықаралық әуежайының инвесторларымен кездесті.

TAV Airports Holding президенті және Бас директоры Мұстафа Сани Шенермен кездесуде жаңа жолаушылар терминалын модернизациялау және салу жөніндегі топтың инвестициялық жоспарлары талқыланды. Қала әкімі Халықаралық әуежай қаланың визит карточкасы екенін және оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мегаполис экономикасына мультипликативті әсер беретінін айтты. Бұдан басқа, әуежайды жаңғырту оңтүстік астананың туристік әлеуетін дамытуды күшейтеді, оның инвестициялық тартымдылығын және Алматы тұрғындары мен қонақтары үшін ыңғайлылық деңгейін арттырады.

Ерболат Досаев қала билігі жобаны қолдауға және нысанды белгіленген мерзімде тапсыру үшін түрлі мәселелерді шешуге ықпал етуге дайын екенін атап өтті.

ҚЫСҚА...

- Еліміздің еңбек нарығында күзетшілер, бухгалтерлер, сатушылар мен жүргізушілер жетпей жатыр.
- 1 қаңтардан бастап ел аумағында турист ретінде саяхаттайтын, кәмелетке толмаған, 2–18 жас арасындағы балалар ұшақта тегін ұшады.
- Қазақстандық студенттер пайдаланылған өсімдік майынан биоотын жасап шығарды. Жоба кейбір экологиялық, экономикалық мәселелерді шешпек.
- Алматы көшелеріне тағы 3 мың камера орнатылады.
- Мегаполисте 2 мыңнан астам жүкті әйел вакцина салдырды.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯДЫ



Әсел
ДАҒЖАН

(Басы 1-бетте)

Салтанатты шара «Құс ұясы» ұлттық стадионында өтті. Мемлекет басшысы Қытай Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен 3 ақпанда Бейжіңге жұмыс сапарымен барған болатын.

Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәлидің хабарлауынша, бүгін 5 ақпан күні Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин өзара келіссөздер жүргізеді. Соның барысында Қазақстан – Қы-

тай жан-жақты стратегиялық әріптестігін дамыту перспективалары талқыланады деп күтілуде.

Бейжің Олимпиадасына барлығы 20-ға жуық елдің басшылары барды, оның ішінде Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Мысыр, Польша, Сербия, Аргентина президенттері, Камбоджа королі, Сауд Арабия және Әбу-Дабидың тақ мұрагерлері, Люксембургтың ұлы герцогы, Монако ханзадасы бар.

Ал сарапшылар Қазақстан Олимпиада құрамасының жаңа спорттық формасын жоғары бағалады. Біздің спортшылардың киімі көк-ақ-көк түстерді үй-

лестірген. Күртеше пен жемпір ұлттық ою-өрнектермен безендірілген. Бұл олимпиадада ең маңыздысы, тарихымызда тұңғыш рет киімдегі ел атауының қазақ тілінде латын әріптерімен – Qazaqstan деп жазылуы болды.

Forbes журналының сараптамалық сауалнамасының нәтижесі бойынша Қазақстан құрамасының жабдықтауы Олимпиаданың ең стильді 7 формасының қатарына енді. Қазақстан құрамасымен қатар АҚШ, Канада, Швеция, Германия, Ресей және Қытай да ең стильділер қатарында.

ҚХА

ӨЗГЕРІС УАҚЫТЫ КЕЛДІ



Алматыдағы республикалық Достық үйінде ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаеваның республикалық этномәдени бірлестіктер басшыларымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық құрылымдарының активімен кездесуі өтті.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Кездесуге ҚХА төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі М.Әзілханов қатысты. Жұмыс барысында А.Балаева Ассамблеяның қаңтар оқиғалары күндері жүргізген жұмысына оң баға берді, сондай-ақ Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтың соңғы сөйлеген сөздерінде қойылған міндеттерге егжей-тегжейлі тоқталды.

Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары өз сөзінде бүгін басты назарда – «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!» деген ортақ идеямен біріктірілген жасампаз күн тәртібінің тұрғанын атап өтті.

А.Балаева «Мемлекет басшысы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси салаларда алда тұрған жұмыстың негізгі

басымдықтарын нақты белгілеп берді, сондай-ақ қоғамда түйткілді проблемаларды шешу жолдарын айтты. Оның айтуынша, Nur Otan партиясының съезі көкейкесті өзгерістердің уақыты келгенін, елді жан-жақты жаңғыртуда ауқымды күн тәртібінің тұрғанын айқын көрсетті.

Осы орайда, ол Қазақстан халқы Ассамблеясының міндеттеріне нақты тоқталып, «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!» идеясының Ассамблея үшін бағдарламалық сипатқа ие екенін баса айтты.

Кездесу барысында Ассамблеяның алдағы іс-шараларының дайындық мәселелері талқыланды, Мемлекет басшысының ҚХА барлық құрылымдарында қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру бойынша үйлесімді жұмыс жүргізу қажеттігі атап өтілді.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНА СЕНІМ ЗОР



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қалалық Полиция департаментінде құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесті.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

(Басы 1-бетте)

Кездесу барысында қала әкімі полиция қызметкерлеріне террористік шабуылдар кезіндегі қызметтері үшін алғысын білдірді. «Қаңтар қасіреті кезінде кәсіби міндетті мінсіз атқарғандарыңыз үшін өз атымын алғыс айтамын. Мұндай қайғылы жағдайды келесіде болдырмас үшін полиция қызметін жандандырып, заманауи техникамен жабдықтау керек екенін қалаға жасалған ша-

буыл айқындап берді. Қаза тапқан полицейлердің отбасыларына көмек көрсетілді, қазір бүлінген ғимараттар жөнделіп, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Біз бәріміз қаланың тыныштығы үшін тік тұрып, аянбай еңбек ете алатынымызға сенім білдіргім келеді. Біз сіздерге қаланың ең басты байлығы – Алматы тұрғындарының амандығы мен денсаулығын сеніп тапсырамыз», – деді Ерболат Досаев.

Кездесу барысында қала әкіміне Жедел басқару орталығы, оның ішінде бүкіл қала бойынша орнатылған 10 мыңнан астам бейнекамераға қосылған бейнебақылау жүйесі көрсетілді.

ПЛАТФОРМА

АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛ

«Қазақстан халқына» сайты іске қосылды



Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Қайырымдылық көмекке қалай жүгінуге болатыны туралы қадамдық нұсқауларды «Өтінішті қалай бере аламын?» бөлімінен білуге болады.

Көмекке мұқтаж қазақстандықтар, сондай-ақ жан-жақты көмек көрсетуге ниет білдірген демеушілер өз өтініштерін «Қазақстан халқына» қорының цифрлық платформасы арқылы бере алады. www.qazaqstanhalqyna.kz сайты – кез келген адам жобалар бойынша жаңалықтармен, қаражаттың түсуі мен жұмсалыуы бойынша қаржылық есептермен, жүзеге асырылған жобалардың нәтижелерімен таныса алатын ақпараттық портал. Осылайша пайдаланушылар автоматты түрде www.atamekenim.kz порталына Қайырымдылық ұйымдарының бірыңғай платформасына жіберіледі.

Өтінішті қарауды өтініш беруші мен қор арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету ниетін білдірген халықтың саясаттарымен жұмыс істейтін ҰЕҰ жүзеге асырады. www.atamekenim.kz сайты қайырымдылық ұйымдарының халықпен жұмыс істейтін алаңы болып табылады. Сайт eGov.kz электрондық үкімет порталының кейбір мәліметтер базасымен біріктірілген.

Алдағы уақытта өтініш берушілердің мәртебесі туралы толық ақпарат алу үшін порталды мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың барлық қолжетімді деректер базаларымен интеграциялау жү-



мыстары жүргізілетін болады. Бүгінгі таңда сайт денсаулық сақтау, білім және ғылым, тұрғын үй, негізгі қажеттіліктер және т.б. салаларда жұмыс істейтін 86 қайырымдылық ұйымын аккредитациялады. Қор аккредиттелген қайырымдылық ұйымдарының саны артады деп күтуде. Қордың қамқоршылық кеңесі белгілеген әрбір қызметі бойынша демеушілік көмекке жүгінген тұлғалармен және ҰЕҰ-мен өзара іс-қимылдың егжей-тегжейлі ережелерін әзірлеу қажет. Өтінім қордың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмеген жағдайда қабылданбауы мүмкін екенін ескеріңіз. Өтініштерді қарау үшін Қор қызметінің әрбір бағыты бойынша Сараптамалық комиссиялар құрылады. Қор қызметінің бір саласы бойынша сарапшы деп танылған мамандар Сараптамалық комиссиялардың мүшелері бола алады.

«Қазақстан халқына» қоры жұртшылықтың пікірін ескере отырып, сараптамалық комиссиялардың құрамын қалыптастыруға мүдделі. Сараптамалық комиссия мүшелеріне арналған ұсыныстарды сайттың «Сарапшылар» бөліміне өтіп жіберуге болады. Демеушілердің ұсыныстары қайырымдылық шараларына қаражат бөлуге де, қордың әкімшілік шығындарын жабуға да қатысты болуы мүмкін.



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ

Белсенділер қала әкімімен кездесуде Алматыны одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар енгізіп, шаһардың негізгі мәселелерін талқылады



Динара
МУРАТ

МОНОПОЛИЗАЦИЯНЫ БОЛДЫРМАУ

Әлеуметтік қызмет көрсету үйінде Қоғамдық кеңестің үлкен отырысы өтті. Қаланың әл-ауқатына жанашыр жандар Алматының жаңа әкімі Ерболат Досаевқа қаланың негізгі мәселелері мен оларды шешудің ықтимал жолдарын айтып берді.

— Алматы қаласының қоғамдық кеңесі өз жұмысының екінші мерзімін аяқтап жатыр. Алты жыл ішінде көп жұмыс атқарылды, — деді бірлестік басшысы Рахман Алшанов. — Кеңес жұмысына алматылықтарды толғандыратын проблемалық мәселелерді анықтау, оларды мұқият талдау және ұсыныстарды әзірлеу кіреді, олар кейін қалалық билікке жіберіледі. Осы ұсыныстардың арқасында кейбір жағдайларды сәтті шешуге мүмкіндік ашылады. Біз алматылықтар мен қалалық құрылымдар өкілдері арасында өзіндік көпір іспеттес ұйымбыз.

Қоғамдық кеңес құрамындағы әрбір комиссияның басшылары өз секторындағы негізгі проблемаларды атап өтті. Мәселен, кәсіпкерлік, экология және қалалық мобильділік мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы Борис Жапаров шағын және орта бизнесті қолдау үшін жекелеген секторларда монополизацияны болдырмау қажеттігіне назар аударды.

Борис Жапаров азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін көтеріп, оның бағасының өсуін жасанды түрде ұзақ уақыт бойы ұстап тұру мүмкін емес екенін атап өтті. Алайда, мә-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

көлікті кешке дейін автотұрақта қалдырып, қоғамдық көлікке ауыса алатындай етіп жасалса деймін. Бұл қала көшелеріндегі жүктемені азайтуға көмектеседі.

Өріптесін комиссия мүшесі, тәуелсіз журналист Сергей Пономарев те қолдады.

— Шынында да, қала мен облыс арасында сауатты көлік қатынасын құру әрбір алматылыққа қатысты экология проблемасын шешуге ішінара көмектеседі. Алайда, жағдай жақсы жаққа өзгеруі үшін тағы да бірқатар шаралар қабылдау қажет, — деп есептейді спикер.

Қоғам атынан ол автомобиль отынының сапасы мәселесін реттеуді, «Сергек»

лер аз емес. Мысалы, ана мен бала өлімін азайту үшін жүкті әйелдердің мүмкіндігінше ертерек есепке тұруына жағдай жасау қажет. Бұл әртүрлі патологияларды ерте кезеңде анықтауға және емдеуге мүмкіндік береді, — деп есептейді комиссия басшысы, — сауықтыру-демалыс орындарына келетін болсақ, мысалы, бізде Каменск үстіртінде керемет санаторий болған. Бүгінде ол күрделі жөндеуді қажет етеді немесе оның орнына жаңасын салуға болады.

Сонымен қатар, спикер «Бақытты отбасы» орталықтары жұмысының тиімділігін атап өтіп, оларға жалдау ақысын қажет етпейтін орын бөлу мүмкіндігін іздестіруді сұрады.

— Орталықтар тұрмысы нашар отбасылармен белсенді жұмыс істеуінің арқасында әлеуметтік шиеленістер азаюда, — деп атап өтті Зулфия Байсакова. — Адамдар бізге әлеуметтік сипаттағы түрлі мәселелермен жүгінеді. Әртүрлі жағдайға байланысты кейбіреулер баспанасыз қалды немесе шаршы метрді жалға ала алмайды. Мен қалада мұндай азаматтар уақытша тұра алатын орталық салуды ұсынамын. Бұл қаладағы жағдайға жағымды әсер етеді деп ойлаймын.

КЕШЕНДІ ШЕШІМ ҚАЖЕТ

Алматыдағы қауіпсіздік мәселесі заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау жөніндегі комиссияның басшысы Нұрлан Жазылбековті де алаңдатады.

— Біз полициямен тығыз байланыстамыз, түрлі акциялар өткіземіз. Қазір біздің міндетіміз — қаңтар оқиғаларынан кейін адамдардың сенімін қайтару, — дейді спикер. — Біздің комиссия жаппай тәртіпсіздіктерден зардап шеккен кәсіпкерлерге өтемақы төлеу жүйесін әзірлеуге қатысты. Алайда, қаңтардағы қайғылы жағдай жеке тұлғаларға, мысалы, кеңселері Республика алаңына жақын орналасқан адамдарға да әсер етті. Олар да шығынға ұшырады, енді осы топ өкілдеріне өтемақы төлеудің жүйесін ойластыру қажет деп есептеймін.

Әрбір сөз сөйлеуші сүйікті Алматының өмірін жақсарту бойынша өз ұсыныстарын жарыса жеткізді. Әкім барлығын мұқият тыңдап, диалогқа әрқашан дайын екенін атап өтті.

— Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мені Алматы қаласының әкімі қызметіне тағайындай отырып, туған қалаң үшін қолыңнан келгеннің бәрін жасайтын уақыт келді деп атап өтті. Бұл Қоғамдық кеңес өкілдерімен алғашқы кездесу ғана, бірақ мен мәселелердің көп жинақталғанын, оларды бір сәтте, жеке-жеке шешу мүмкін еместігін, кешенді тәсіл қажет екенін көріп отырмын, — деп түйіндеді Ерболат Досаев.

Әкімшілік басшысы, ең алдымен, қаланы таяу және орта мерзімді перспективада дамытуға, атап айтқанда, Бас жоспарды одан әрі түзетуге және бекітуге мүдделі екенін атап өтті.



селені фермерлермен тікелей келісім-шарттар жасасу арқылы шешуге болатынын айтып, бұл екі жаққа да пайдалы болуы керек деп болжайды.

КӨЛІК ЖҮКТЕМЕСІ

Борис Жапаров Көлік желісінің мәселелеріне де егжей-тегжейлі тоқталды. Атап айтқанда, қала мен облыс арасында көлік қатынасын құру қажеттігін алға тартты.

— Күн сайын Алматы облысынан үш жүз мыңға жуық автокөлік Алматыға келеді. Ал көліктерді өткізу қуаттылығы оған сәйкес келмейді, салдарынан көлік кептелістері пайда болып, экологияға зиян тигізілуде, — дейді спикер. — Мәселені бірыңғай көлік инфрақұрылымын құру арқылы шешуге болады. Мысалы, адамдар жұмыс күнінен кейін қалаға немесе үйіне кері қайтуға мүмкіндік беретін пойыздар іске қосылса немесе мегаполиске кіреберісте адам

бейнекамераларының көмегімен дәл қандай көліктің ауаны неғұрлым ластайтынын анықтауды, қалада 400–500 экотаксиін жіберуді, 2-ЖЭО-ны газға көшіруді аяқтауды және жасыл желектерді отырғызудың нақты ережелерін қабылдауды ұсынды.

— Әрине, бұл мәселелердің барлығы ұзақ мерзімді, бірақ оларды кешенді түрде шешу мегаполистеі экологияны жақсартуға көмектеседі, — деді сеніммен Сергей Пономарев.

ОСАЛ ТОПТАҒЫ ОТБАСЫЛАР

Әлеуметтік әл-ауқат мәселелері жөніндегі комиссияның төрайымы Зулфия Байсакова ана мен бала өлімінің өсуіне және Алматы маңында қала тұрғындары денсаулығын жақсарту алатын емдеу-сауықтыру мекемелерінің жеткілікті санының болмауына алаңдаушылық білдірді.

— Әлеуметтік салада көкейкесті дүние-

БІЛІМ



Екі есеге арзандайды



Рая
ЕСКЕНДІР

**Білім және ғылым министрі
Асхат Аймағамбетов ҰБТ-ға
дайындық тестінің құнын
төмендетуді тапсырып, оның
орындалуын басты назарға алды.**

— Тестілеудің өзі тегін болғанымен, сынақ тестері ақылы түрде өтіп келеді. Сондықтан сынақ тапсыру үшін белгілеген бағаларды өзгертіп, тестілеудің барлық түрі бойынша оның құнын екі есеге төмендетуді тапсырамын, — деді министр. Сонымен қатар, ол емтихан тапсыру барысында түлектердің үстелдеріне қосымша камера орнатылатынын да жеткізді. Министрдің пайымдауынша, бұл — қауіпсіздікті, сондай-ақ, тестілеудің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін жасалып жатқан жаңа тәсілдер.

— Биылғы ҰБТ-ның тағы бір жаңалығы — қосымша камера орнату мәселесін қолға алдық. Бұған дейін сынақ тапсырушы отыратын орында бір камера қойылса, қазір екінші камера орнатылатын болды. Ол мектеп түлегінің жеке басын сәйкестендіріп, белгілі бір уақыт өткеннен кейін де компьютерде кім отырғанын тіркейді.

АРТ-НЫСАН

Бастысы – жақсы ниет



Әсел
ДАҒЖАН

**Алматылықтардың сүйікті демалыс
орындарының бірі – Арбатта
«ОҚЫ» атты жаңа арт-нысан пайда
болуы мүмкін.**

Асхат Жұмабеков есімді азамат өзінің командасымен бірге қоғамдық ОҚЫ атты арт-нысанның жобасымен қызу жұмыс жасауда.

«ОҚЫ» атты арт-нысан ашылған кітап күйіндегі мүсін. Онда адамзаттың дамуына үлес қосқан ұлы тұлғалардың дәйексөзі жазылады.

Жоба авторы «ОҚЫ» арт-нысаны арқылы біздің өскелең ұрпақ пен Қазақстан халқына кітап оқудың маңыздылығын жеткізгісі келген.

Сондықтан ол нысан алматылықтардың жиі бас қосатын ең танымал алаңы — Арбатқа қойылады.

«Қазір біз командамызбен осы бір тамаша қоғамдық арт-нысанға қаржы іздестірудеміз. Оған өзімізге жақын адамдарды және осы жобаның бір бөлшегі болғысы келетін белсенді азаматтарды тартып жатырмыз. Бұл жерде кез келген сома жарай береді. Ақшаның көлемі маңызды емес. Бастысы — жақсы ниет пен тілектестік», — дейді Асхат Жұмабеков.

Қайырымды іске кез келген алматылық шамасы келген қаржыны жоба жетекшісі Асхаттың +7 778 308 86 68 телефон нөміріне аудара алады.



ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

ЕРЕЖЕНІ САҚТАМАУ – ЕССІЗДІК

Жылдамдықты асыру. Жауапсыздық. Телефонға үңілу. Қара жол бойында қайғылы жағдайларға тап қылатын жағдайлардың бірден-бір себебі – осылар. Жол ережесін сақтамаудың салдары күре жол үстінде талай жанның тағдырын үзіп, талай адамды ауыр жарақаттан айығып кете алмайтындай, өмір бойы мүгедектікке душар етеді. Сондықтан жол ережесін сақтаудың жауапкершілігі жоғары.



қосады. Мұндай ережені бұзудың салдарынан жол апаты орын алып, тіпті, адамдардың өмірі қиылып жатады. Сондықтан жол ережесін сақтау шариғи тұрғыдан уәжіп саналады. Осыған орай, бағдаршамның қызыл түсінен өтіп кетуге тыйым салынады. Өйткені, ережені сақтамағанның салдарынан адамдар үлкен зиянға ұшырайды, – дейді ұстаз.

P.S. «Сақтансаң, сақтаймын» деген сөз бар емес пе? Сондықтан техниканың тілін тереңінен түсініп, өзінің емес, өзгенің тағдырын ойран етер ессіздіктен аулақ болған жөн. Мұндай апатты жағдай біреу үшін орны толмас қайғы болса, біреулер үшін сабақ. Өйткені, жол – қателікті көтермейді.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Осыған орай, биыл жол ережесін бұзғандарға салынатын айыппұлдың да мөлшері өсті. Ендеше, көлік тізгіндеген жандардың жол ережелеріне қатысты салынатын айыппұл мөлшерін біле жүргені артық болмайды. Мысалы, жылдамдықты 10–20 шк/сағ асырғаны үшін айыппұл 14 мың 585-тен 15 мың 315-ке дейін, 40 шк/сағ және одан асатын жылдамдық үшін 58 мың 340 теңгеден 61 мың 260-қа дейін артты. Көлік жүргізу кезінде ұялы телефон пайдаланғаны үшін жүргізушілер енді 14 585 теңге емес, 15 мың 315 теңге төлеуі керек. Зиянды шығарындылар нормасын асырғаны үшін айыппұл 5 мың 834 теңгеден 6 мың 126-ға дейін өсті.

Қауіпсіздік белдігін таппағаны үшін айыппұл 15 315 теңге. Дәл осындай айыппұл көлікті дұрыс қоймағаны үшін де қарастырылған. Алайда, егер көлік көгалға немесе ойын алаңына қойылса, жүргізушіге қазірдің өзінде 30 мың 630 теңге айыппұл салынады.

Төленбеген тұрақ үшін айыппұл – 9 мың 189 теңге. Кептеліс пайда болған қиылысқа дейін көлікпен жүру үшін және күндізгі уақытта қосылмаған шам жарығы немесе тұрақ шамдары үшін де дәл осындай айыппұл арқалайсыз.

Маневр жасау кезінде қосылмаған бұрылыс сигналы жүргізушіге 15 мың 315 теңге, ал қызыл бағдаршамға өту 30 мың 630 теңге болмақ. Жаяу жүргіншіге жол бермеген жүргізуші де 30 630 теңге көлемінде айыппұл төлейді.

Айыппұл сомасының ұлғаюына 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап АЕК-тің ұлғаюы себеп.

Заңнан бөлек, дінімізде де жол ережесін бұзуға болмайтындығы туралы айтылған. «Ақмешіт» мешітінің имамы Сағимолда ұстаздың айтуынша, адам жанын сақтау шариғаттың басты міндеттерінің бірі. Сондықтан пенденің өз өміріне қастандық ойлауына әсте болмайды.

– Жолда жүру ережесінің заңында бағдаршамның қызыл түсінің жануы жолдан өтпеуді міндеттейді. Егер өтіп кетсе, онда ол жол ережесін бұзған болып саналады да, жауапқа тартылады. Бұл ереже шариғатымызға қайшы емес. Керісінше ол жанды, мал-мүлікті сақтауға үлесін

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жаңалығы мол Жетісу

Жыл өткен сайын Жетісу ауданының әлеуметтік инфрақұрылымы жаңарып келеді. Дәл қазір аудан көлемінде тұрғын үйді жаңарту бағдарламасын іске асырудың, абаттандырудың және әлеуметтік нысандарды салудың бағдарламасы іске асып жатыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осы ауданның байырғы «Жұмысшылар поселкесі» деп аталатын елдімекенінде (Райымбек даңғылы – Крылов – Казаков – Боткин – Гончаров – Скрыбин көшелерінің қиылысында) реновациялау бағдарламасы бойынша тұрғын үйлер салынды. Мәселен, аудандағы тозығы жеткен 6 үйдің орнына 2020 жылы жалпы алаңы 16 мың шаршы метр болатын 304 пәтерлі 4 үйдің құрылысы басталған еді. Құрылысы сәтіден аяқталып, тұрғындарға табыс етілді.

Сонымен қатар, өткен жылы дәл осындай тәсілмен тозығы жеткен екі үй сүріліп, орнына жалпы алаңы 12,5 мың шаршы метр болатын 183 пәтерлі үш үйдің құрылысы басталды. Тозығы жетіп, сүріліп жатқан үйлердің барлығы өте ескі, әрі қарқас пен қамыстан салынған. Осыған орай, жаңарту бағдарламасының операторы болып табылатын «Алматы» ӘКК басшылығы тұрғындарға жобаның кезеңдері туралы уақытылы хабарлап, әрі олардың уақытша тұратын қоныстарын шешуге көмектесті. Сонымен қатар, 150 қосымша орынмен қамтылған №102 мектептің жаңа корпусы да уәделі мерзімде аяқталды. Осы ауданның «Құлагер» ықшамауданында ауысымында 150 келушіге арналған заманауи ДСК кешенінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілетін уақыты жақын. Кешен спорт және тренажер залдарынан, екі бассейні мен түрлі жаттығу залдарынан тұрады.

Мұнда үлкендерге арналған алты жолақты – ұзындығы 25 шаршы, ені – 12 шаршы болатын бассейнінің тереңдігі 2 шаршы метрге жуық. Қолданыстан кейін мұндағы су бір сәтте автоматты түрде

тазартылып отырады. Аудан тұрғындарын қолжетімді медициналық қызметтермен қамтамасыз етіп, қолданыстағы медициналық мекемелердің жүктемелерін азайту үшін емханалар ашу, дайын ғимараттарды сатып алу мүмкіндігі қарастырылуда. Осы аудан аумағындағы Сидоркин, 14 және Омаров, 91 «А» мекен-жайларында бос тұрған ғимараттар қазіргі кезде Қоғамдық денсаулық басқармасына зерделеуге тапсырылды. Қазіргі кезде Қазыбаев көшесі – Рысқұлов даңғылы – Тәтібеков көшесі – Райымбек даңғылы бойында салынып жатқан инженерлік желілердің құрылысы аяқталды. Аудандағы тағы бір жағымды жаңалық, ең өзекті мәселеге айналған ауыссумен қамту мәселесі – 43 шақырымға жуық сумен жабдықтау желілері және 15 шақырым судан бұру жұмыстары аяқталды.

Бүгінгі таңда Орталық жүйеге 6 мыңнан астам абонент қосылып отыр. «Құлагер» ықшамауданында «Бюджетке қатысу» жобасы аясында жаяу жүргіншілер аймағы салынып бітті. «Құлагердің Арбаты» атанған демалыс орталығында ойын алаңдары мен спорт алаңдары жасалып, ыңғайлы орындықтар мен көше шамдары орнатылды. Дәл қазір бұл аймақ тұрғындардың серуендейтін демалыс алаңына айналды. Жетісу ауданында «Бюджетке қатысу» жобасы аясында көптеген жұмыстар жүзеге асып жатыр.

Мәселен, Сейфуллин даңғылындағы бұрын қараусыз қалған ұйаралық аумақта Workout құрылғысы орнатылып, жарық желісі тартылды, арнайы орындықтар қойылды. «Құлагер» ықшамауданындағы үйлердің қасбеттері мен Жангелдин көшесі бойындағы арық желілерін реконструкциялау жұмыстары аяқталды. «Көкмайса» ықшамауданындағы Есентай өзенінің жағалауын абаттандыру жұмысы мен Үлкен Алматы каналы бойындағы учаскені реконструкциялау жүріп жатыр. Қалалық Жасыл экономика басқармасы қоғамдық кеңістіктерді жөндеу мақсатында «Көкмайса», «Айнабұлақ» ықшамаудандары тұрғындарының серуендейтін орындарына арнайы құрылғылар орнатып, айналаны абаттандыру жұмыстарын қолға алды.

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕН

Тауарды тегін береді

Медеу ауданында тұтынушыларға тауарды тегін тарататын дүкен ашылды. Әлеуметтік орталықтың бой көтеруіне «Бақытты отбасы» орталығының аналары мұрындық болған.

Әсел
ДАҒЖАН

Дүкен көпбалалы аналар, аз қамтылған отбасылар мен мұқтаж жандарға қайырымдылық көрсетуді көздейді. Игі бастаманы іске асыруға аудандық әкімшілік пен кәсіпкерлер қолдау танытып отыр.

Дүкенге тек әлеуметтік санаттағы отбасылар жүгіне алады. Әлеуметтік дүкен Медеу ауданындағы Халиуллина, 71 мекенжайында орналасқан. Орталықтың салтанатты ашылуында бастауыш

сыныпта оқитын 45 балаға тегін сөмке таратылды.

«Оның ішінде энциклопедиялар, бояғыш заттар, ермексаздар бар. Сонымен бірге, керемет кітапшалар бар. Біз мұнда мүмкіндігі шектеулі балаларды да есептедік. Олардың ұсақ қол моторикасын дамыту үшін арнайы ойыншықтар салынған», – деді қоғамдық қор әдіскері Ғазиза Жайсанбаева.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ

«Сергектің» саны артпақ

Алматыда 3000 бейнебақылау камерасы орнатылады.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Қала көлемінде жаппай тәртіпсіздіктер кезінде 75 «Сергек» кешені – яғни 304 бейнекамера, сондай-ақ РТРК ғимаратында орналасқан байланыс орталығы, антенна және желілік жабдық түгелімен істен шыққан еді. Қазіргі кезде барлық зақымдалған камера мен жабдық қалпына келтірілді.

Мәселен, 1103 камераны қамтитын «Бейнебақылау жүйелері» жобасы бойынша жаппай тәртіпсіздіктер кезінде 283 камера, сондай-ақ қосымша жабдықтар істен шыққан еді. Қазіргі уақытта бейнекамералар мен зақымданған қондырғылар қалыпты жұмыс істеп тұр.

Қалалық полиция басшылығы Бірыңғай бейнебақылау жүйесін

дамыту жұмыстарын әлі де жалғастыруды жоспарлап отыр.

– Егер бұрын тек жол қозғалысы қауіпсіздігі ПД ЖБО арқылы бақыланатын болса, 2020 жылдан бастап орталық адам көп жиналатын жерлердегі, аулалардағы, полиция пункттеріне іргелес аумақтардағы қозғалысты да түгел қамтып, бақылайды. Алдағы 2 жылда қаладағы барлық жағдайды көру үшін камераларды сауда орталықтарымен және басқа да жеке меншік нысандарымен біріктіруді жоспарлап отырмыз, – дейді Алматы қалалық ПД Ақпараттандыру және байланыс басқармасының бастығы Ольга Агафонова.



ҚАЗПОШТА



Оқырман неге өкпелі?

«Alatau Aqparat» ЖШС-не соңғы кезде «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттеріне жазылған оқырмандарымыздан көп шағым түсіп жүр. Себебі, оларға басылым уақытылы жетпей жатыр.

Бұл мәселе бұған дейін де көтерілген болатын. Шағымданған оқырмандарымыз бұрынғыдай көп болмаса да, басылымды уақытылы алмайтындар аз емес. Яғни қала өміріне қатысты жаңалықтармен дер кезінде таныса алмайтындар көп. Ол-ол ма, оқырмандар арасында газетті жаңа жыл басталғалы бері мүлдем алмағандары кездеседі.

Газетке мақала жазу журналистердің міндеті болса, басылымды диттеген жеріне дер кезінде жеткізу – «Қазпошта» қызметкерлерінің жұмысы. Өткен жылдың аяғында бізге «Қазпошта» АҚ-ның Алматы филиалы басшылығы осы мәселеге байланысты арнайы түсініктеме беріп, олқылықтың барлығы жақын арада жойылатынын айтқан болатын. Алайда, берген уәдеден ешқандай нәтиже жоқ.

Біз тағы да істің мән-жайын білмекке, «Алматы» почтамптының өкілдерімен байланысқа шықтық. Ведомство өкілдері бұған дейін бізге «Қазпошта» сервисті жақсартуға бағытталған «Біздің адамдар» жаңа жобасын іске қосқанын айтқан-ды. Байқауымызша, жобада пошта қызметкерлерінің еңбек өнімділігін жақсартуға, тиімді өндірістің өсуіне қарай жалақы мөлшерін арттыруға мүмкіндік беретін жақсы идеялармен қамтылған. Мәселен, Ұлттық пошта операторы әр курьер өзі орындай алатындай етіп тапсырыс алуға болатын GoPost арнайы қосымшасын іске қосқан. Қосымша әрбір қызметкердің еңбегін жеке бағалауымен тиімді. Мұнда сәлемдемелер жеткізу, қабылдау процесі толығымен автоматтандырылған. Сондай-ақ, GoPost курьерлерге қызметтері үшін қолма-қол ақшасыз төлемді қабылдауға мүмкіндік береді. Бүгінде «Біздің адамдар» жобасын жүзеге асыру жұмыстары жалғасуда.

– Рас, бізде кадр тапшылығы болған. Бірақ қазір жағдай реттеліп, тұрақтанды деуге болады. Жасыратыны жоқ, бізге әлі де курьерлер жетіспейді. Десек те, ақпан айынан бастап жалақыны көтеру туралы шешім қабылданды. Демек, жақын арада біздің ұжым жаңа қызметкерлермен толығады деп ойлаймын. Бүгінде бізде поштаньы, соның ішінде мерзімді басылымдарды автокөлікпен жеткізетін шалғай аудандар бар. Егер курьерлер неғұрлым көп мекенжайларды қамти алатын болса, олардың табысы соғұрлым жоғары болады. Бұл олардың тез және тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді, – дейді «Алматы почтампт» директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Надежда Забурина.

Басқарма өкілі «Алматы почтампт» қызметкерлерінің жұмыс сапасын арттыруға мүдделі екенін айта келіп, оқырмандардың дер кезінде басылымды алуына барынша мүмкіндік жасап жатқандарын жеткізді. Атап айтқанда, жазылушылары аз шалғай аудандарға баспа басылымдарын жеткізу мәселесі өте сәтті шешілген. Яғни оқырманы аз аудандарға жүргізушілер газетті, басқа да хат-хабарларды дер кезінде жеткізу үшін арнайы барады.

– Иә, бізге хат-хабар уақытылы жеткізілмейді деген шағымдар көп түседі. Мұндай жағдайларда, мәселен, басылым оқырманға неге уақытылы жетпегенін анықтауға, оның себеп-салдарын білуге тырысамыз. Кейде оқырмандар газетке мезгілінен кешігіп жазылады, мекен-жайларын ауыстырады, мұның газеттің уақытылы жетпеуіне себеп екенін ескермей жатамыз. Жалпы, бізде қандай мәселе болса да ең қысқа мерзімде шешуге болады, – дейді Надежда Забурина.

РЕДАКЦИЯДАН: Қазақ баспасөзін үнемі қадағалап, жүйелі түрде оқитын көзіқарақты оқырмандар Алматыда аз емес. Сондықтан «Қазпошта» АҚ Алматы филиалының қызметкерлері біздің жазылушыларымыздың әрбір өтінішіне құрметпен қарап, газеттерімізді оқырмандарға жеткізу бойынша туындаған кез келген мәселені уақыт оздырмай дер кезінде шешеді деген сенімдеміз.

ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Бүлінген пәтерлердің 50 пайызы қалтына келтірілді

Қаңтар айындағы оқиғаның салдарынан мегаполисте көптеген ғимараттар мен сауда нүктелері, біраз тұрғын үйлер зақымдалған болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бүгінде сол бүлінген ғимараттарды жөндеу жұмыстары жалғасуда.



Жайлы қалалық орта басқармасы мамандарының мәлімдеуінше, жаппай тәртіпсіздік салдарынан зақымдалған баспаналардың 50 пайызы қалпына келтірілген. Алаңсыз үйде отырғанда терезелеріне оқ тиіп, сынған тұрғындар ауызбіршілік танытып, өздеріне қарасты әкімдіктерге өтініш қалдырған. Көп үйлердегі қалпына келтіру жұмыстары осылайша басталған екен.

Әкімдік өкілдерінің айтуынша, жалпы мегаполисте 80-ге жуық баспана қаңтарда зардап шеккен. Оларды жөндеу жұмысын мердігер компаниялар толық өз мойнына алып, тұрғындарға тегін қызмет көрсеткен.

Жайлы қалалық орта басқармасы басшысының орынбасары Олжас Тәжібаевтың айтуынша, зардап шеккен үйлердің 53-і Медеу ауданында орналасқан. Бүгінде сол 53 үйдің 45-і бүгінде толық жөндеуден өткен.

Қалғанында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бостандық ауданындағы 20 шақты пәтердің терезелерінің өлшемі алынып, тапсырыс берілген. Оның бәрі дайын болғаннан кейін орнату жұмыстары жүргізіледі.

Әкімдік өкілінің айтуынша, қалпына келтіру жұмыстары алдағы 10 күнде, тіпті одан да ерте аяқталуы мүмкін. Сондай-ақ, ол жөндеу жұмыстарын қадағалып отыратынын жеткізді.

Қала көшелерінен әлі де болса қаңтар оқиғасының ізін байқауға болады. Жаппай тәртіпсіздік салдарынан орасан зор залал келген Республика алаңы аумағында құрылыс қайнап жатыр. Есік-терезесі бүлінген мейрамхана мен дүкендер, Алматы қаласы әкімдігі мен телеарналар орналасқан ғимараттарда жұмыс істеп жатқан адамның қарасы көп. Оларды тек алыстан ғана көруге бо-

лады. Себебі, құрылыс алаңы толығымен қоршалған.

Дереккөздерге сүйенсек, Алматыда жаппай тәртіпсіздік кезінде 291 ғимарат, оның ішінде 62 әкімшілік ғимарат зардап шеккен. Бүгінге дейін өрттен зардап шеккен үй-жайлар тазартылып бітті. Ал «Қазақстан» телеарнасы 1 тамызға дейін, ал қалалық әкімдік ғимаратына 5 айда күрделі жөндеу мен қайта жаңарту жұмыстары жасалады деп күтілуде. Сондай-ақ, жеті нысанда, оның ішінде Бас прокуратура ғимаратында, Полиция департаментінің тоғыз ғимаратында ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды. Ал ағымдағы жөндеудің барлық нысандар бойынша жоспарлы аяқтау мерзімі – 1 мамырға дейін. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі есебінен мемлекеттік органдардың 28 нысанында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

ТҰРҒЫН ҮЙ

Баға арзандауы мүмкін



Алматыда тұрғын үй бағасы арзандауы мүмкін деген болжам бар. Сарапшылар мұны зейнетақы жинағының бір бөлігін алу мүмкіндігімен байланыстырып отыр.

Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сүйенсек, былтыр желтоқсан айында Алматыдағы жаңа пәтердің 1 шаршы метрі 415 мың теңгеге бағаланған. 2021 жылы алматылықтардың орташа жалақысы 20%-ға өссе, тұрғын үй бағасы бірден 25%-ға көтерілген. Қазір сатып алушы тараптың талабы күшті. Мамандар тұрғын үйге сұраныстың азаюына осы да бір себеп деп

отыр. Оның үстіне, қазір Алматыдан аядай бөлмені қымбат бағаға алғанша, шет елден үй алуға ақша жинаған мың есе артық деп есептейтіндер көп. Ал ел экономистері енді тұрғын үй бағасы тұрақталады дейді. Қазірдің өзінде мұқият зерттеп, анығырақ қарастырып әлдеқайда ұтымды нұсқаны табуға болады дейді олар.

Мәселен, экономист Мақсат Халық қазір Үкіметтің іскерлік қызметіне назар аударған дұрыс деп есептейді. Маманның айтуынша, егер олар шын мәнінде мақсатты түрде әрекет етіп, ұзақ мерзімде нақты жұмыс нәтижесін көрсете бастаса, онда сөз жоқ, тұрғын үйдің бағасы арзандауы мүмкін.

Дейтұрғанмен, үй алуға бағытталған ұтымды бағдарламалар арқылы баспанаға қол жеткізуге мүмкіндік көп. Ол үшін тұрғындардың түрлі санатына сай қарастырылған бірнеше нұсқаны байқап көру керек дейді мамандар. Себебі, сатып алудан бөлек, тиімді түрде жалға алу да баспана мәселесін шешуге оңтайлы қадам.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

• Сарапшылардың есептеуінше, біржолғы зейнетақы төлемдерінің көмегімен тұрғын үй жағдайын 466 397 қазақстандық жақсартып үлгерген. Олардың ішінде 201 998 адам зейнетақы төлемдерін ипотекасыз тұрғын үй сатып алуға жұмсаған. Бұл мақсатқа жалпы көлемі 1,3 трлн. теңгеден астам қаражат кеткен.

• Өткен жылдың қорытындысы бойынша «Отбасы банк» 82 252 қазақстандық отбасыға баспаналы болу қуанышын сыйлады. Ал жыл басынан бері алғашқы екі аптаның ішінде 739 несие беріліп, 3196 депозит ашылған.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ТАҒАЙЫНДАУ

БАСҚАРМАҒА ЖАҢА
БАСШЫ КЕЛДІ

Алматы қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне жаңа басшы тағайындалды. Жаңа басшыны Денсаулық сақтау министрлігі аппаратының басшысы Батырбек Әбділдин ұжымға таныстырды.

Қасымхан Алпысбайұлы 2000 жылы Қазақ мемлекеттік медицина университетінің гигиена және эпидемиология мамандығын бітірген. Еңбек жолын 2000 жылы Бостандық ауданы санитариялық-эпидемиологиялық қызметінде бастаса, бұдан кейінгі жылдары Алматы қаласы аудандарының санитариялық-эпидемиологиялық қызметінде санитариялық дәрігер болып еңбек етті.

2009–2014 жылдары Алматы қаласының Жетісу ауданы санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің басшысы, 2014 жылдан күні бүгінге дейін Алматы қаласының Медеу ауданы санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің басшысы болып қызмет атқарған. Ұзақ жылғы еңбегі үшін «Денсаулық сақтау саласының үздігі», «Денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан үлесі үшін», «Халық алғысы» медальдарымен марапатталған.



ДЕРЕК

- Кешегі күнгі мәлімет бойынша елімізде коронавирус жұқтырған 120 059 адам емделуде. Олардың ішінде: 10 095 пациент – стационарда, 109 964 науқас – амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. КВИ+, КВИ-шалдыққандардың арасында: 450 адамның жағдайы ауыр, 163 пациенттің жағдайы өте ауыр, 88 науқас ӨЖЖ аппаратында жатыр.
- Эпидемиологиялық бағалау матрицасы бойынша: 2 қала, 10 облыс «қызыл» аймақта. «Қызыл» аймақта: Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Атырау, Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары. «Сары» аймақта: Шымкент қаласы, Жамбыл, Маңғыстау облыстары. «Жасылда» Қызылорда, Түркістан облыстары тұр.
- Қазақстанда өткен тәулікте 6648 адамнан коронавирус инфекциясы ПТР-тест арқылы анықталды. Алматы қаласы бойынша – 1602.
- Елімізде өткен тәулікте 13374 адам коронавирус инфекциясынан жазылып шықты. Оның ішінде Алматы қаласы бойынша – 1907.
- 4 ақпандағы мәлімет бойынша Қазақстанда I компонентпен 9 213 147 адам вакцина салдырды, II компонентпен 8 785 187 адам егілді.

СКРИНИНГ

ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ ҮКІМ ЕМЕС

«Обыр» деген атауды естіген адамның бірден үрейге бой алдыратыны жасырын емес. Ал дәрігерлер қатерлі ісік – үзілді-кесілді үкім емес екенін ылғи айтып келеді.



Бұл орайда, Алматы қаласының онкологтары ерлер мен әйелдерді обыр кеселінің белгілері әлі байқала қоймаған ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік беретін скринингтік тексеруден уақытылы өтіп отыруға шақырады.

Алматы қаласы Онкологиялық орталығы скрининг бөлімінің меңгерушісі Сұлу Садықованың айтуынша, ерте сатысында анықталған ісік толығымен емделеді.

– Аурудың белгілері пайда болған және ісіктің таралу қаупі туындаған кезеңдерде ауруды емдеу де күрделене түседі. Кейінгі үш жылда жүргізілген скринингтік тексерулердің нәтижесінде 200-ден астам адамнан сүт безі, 40-қа жуық тұрғыннан жатыр мойны

обыры анықталып, тік ішек пен тоқ ішек ісігіне шалдыққан 50 науқас тіркелді, – дейді дәрігер.

Скринингтен өту кезеңдеріне мән берсек, 40–70 жас аралығындағы әйелдерде сүт безі обырын ерте анықтауға мүмкіндік беретін маммографиялық скрининг – 2 жылда бір рет; 30–70 жас аралығындағы әйелдерде – 4 жылда бір рет ісік алды және жатыр мойны обырына цитологиялық скрининг жүргізу; жасырын қан анализі, колоноскопияға тест арқылы тоқ ішек пен тік ішектің қатерлі ісігіне және ісік алды ауруларына скрининг – 50–70 жаста, 2 жылда бір рет.

Скринингтік тексеруден өзіңіз тіркелген емханадан өтуге болады. Алматы қаласы Онкологиялық орталығы

таратқан мәліметтерге сүйенсек, жыл сайын 30–70 жас аралығындағы 100 мыңнан астам әйел сүт безі мен жатыр мойны, ал 40–70 жас аралығындағы 100 мыңнан астам ер мен әйелдер тоқ ішек пен тік ішек обырын анықтайтын скринингтік тексеруден өтеді. Былтыр Алматы қаласында қатерлі дертке шалдыққан 4482 науқас тіркелген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ПАНДЕМИЯ
ЗАРДАБЫ

COVID-19 пандемиясы қатерлі ісік ауруына шалдыққан науқастардың өміріне қауіпті. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы осындай тұжырым жасады.

Еуропалық аймақ бюросының директоры Ханс К्लюге ұсынған мәліметке сүйенсек, былтыр ісік ауруына шалдыққан науқастардың ем-домы пандемияның салдарынан баяулап, медициналық көмек кідіріп қалған. Енді қандай жағдай болса да созылмалы және қатерлі ісік ауруы бар науқастарға тиісінше көмек берілуге тиіс. Сонымен қатар, жаппай вакциналаумен қатар скринингтік тексеруді де қолға алған жөн деп отыр сарапшылар.

МӘМС



АЯҚҚА ТҰРДЫ

Алматылық дәрігерлер Қызылордадан келген, бала күнінен балдақпен жүрген 34 жастағы ер адамның аяғына күрделі операция жасады. Бірегей ота Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті шеңберінде жасалған.

Орталық клиникалық ауруханасы баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, операция нәтижесінде пациенттің сол аяғы 5 сантиметрге ұзартылып, аяқтары теңесті. Дәрігерлер оған «жамбас сүйегінің туа бітті кемістігі. 3-ші типтегі CROWE» диагнозын қойған. Ортопед-маманның айтуынша, жігіттің оң аяғы сол аяғынан 6 см. ұзын болған. Сондықтан ол бала күнінен балдаққа сүйеніп жүрген.

«Біз эндопротездің көмегімен сол жақ жамбас сүйегін толық ауыстырып, сол жақ жамбасты анатомиялық жағынан ұзарттық», – дейді клиниканың ортопедия бөлімі меңгерушісі Канат Тәуекелов.

Дәрігердің сөзіне сүйенсек, жамбас буынын эндопротездеу кезінде жамбастың басы, мойны мен ұршық толығымен жасанды протезге ауыстырылады. «Мұндай жағдайда жамбас сүйегінің остеомиелиті деп аталатын тәсіл жақсы нәтиже береді. Ол аяқтағы ақауды түзетіп қана қоймай, аяқтың қызметін де айтарлықтай қалпына келтіруге көмектеседі», – дейді дәрігер. Операция 2,5 сағатқа созылған.

«МӘМС пакеті арқылы осындай күрделі операцияларды жасатуға болады. Сақтандырылған тұрғындар бағасы қымбат болып келетін, жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын қызмет түрлерін қажетінше пайдалана алады», – дейді Медициналық сақтандыру қоры Алматы қаласы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ



РУМЫНИЯ билігі матадан тігілген бетперде тағуға тыйым салды. Елде коронавирус жұқтыру бойынша күнде антирекорд тіркеліп жатыр. Әсіресе, «омикрон» дес берер емес. Сондықтан жергілікті билік әлеуметтік және эпидемиологиялық жаңа ережелер енгізуде. Дәлірек айтсақ, кейінгі ереже

бойынша матадан тігілген бетпердеге тыйым салды. Сондай-ақ, 5 жастан асқан барлық тұрғын медициналық бетперде тағуға тиіс. Ережені бұзғандарға айыппұл салынады.

ФРАНЦИЯ тұрғындары үшін вакциналау енді ақылы болуы мүмкін. Франциялық дәрігерлер осындай ұсыныс білдірді. Өйткені, елдің денсаулық сақтау шығындары өсіп барады дейді мамандар. Орта есеппен алғанда бір пациентті реанимацияда емдеу Франция билігіне 3340 \$-дың үстіне шығады екен.

АВСТРАЛИЯ үдеткіш вакциналауға құқығы бар азаматтардың тізімін кеңейтті. Енді 16-17 жас аралығындағы жасөспірімдер де бустерлік доза алады. Билік бұл шешімді елде коронавирустан көз жұмғандар саны өсіп бара жатқан соң қабылдаған.

ГРУЗИЯ жерінде ковидтің «алтыншы толқыны» басталды. Елде «омикрон» өршіп барады. Бүгінде вирус жұқтыру деректерінің 90%-ы осы штаммен байланысты болып отыр. Тбилисидегі 168 балабақшаның үштен бірі қазір жабық тұр. Денсаулық сақтау ұйымының өкілдері жаппай іс-шараларды

онлайн форматқа ауыстыруға кеңес беруде. Айтпақшы, Грузияда вакциналау деңгейі төмен көрінеді. Бір тәулікте екпені салдырғандар саны 7 мыңға да жетпейді екен.

ҰЛЫБРИТАНИЯ мемлекетінде 5–11 жастағы балаларға екпе салу науқаны басталды. Созылмалы дерті бар жеткіншектерге Pfizer компаниясының препараты салынады. Оларға 10 микрограмнан арасы 3 апта болатын екі доза салынады. Бұл ересек адамның қабылдайтын мөлшерінің үштен бір бөлігі.

АҚШ пен тағы бірнеше елде жүргізілген зерттеу жұмыстарынан кейін ғалымдар «коронавирус қант диабетіне шалдығу қаупін арттырады» деген мәлімдеме жасады. Әсіресе, 18 жасқа толмаған балаларға қауіпті деседі. Мамандардың айтуынша, індеттің алғашқы айларында Қытай, Италия мен Америкада коронавирус жұқтырды деген күдікпен ауруханаға жатқызылған әрбір 7-ші азаматқа қант диабеті деген диагноз қойылыпты.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

БЕЙЖІҢ-2022

ОЛИМПИАДАДАҒЫ
АЛҒАШҚЫ ОЙЫНДАР

3 ақпан күні Қазақстан құрамасы Бейжіңдегі қысқы олимпиада ойындарында алғашқы жарыстарын өткізді.

Отандық спортшылар бірінші болып фристайл-могул ойындарының іріктеу кезеңіне қатысты. Ер мен әйелдер жарыстары бір күнде өтті. Өкінішке қарай, бірінші кезеңнен кейін қазақстандық спортшылар алғашқы ондыққа енген жоқ. Дмитрий Рейхерд 75,43 ұпаймен 12-орын, Павел Колмаков 74,09 ұпаймен 17-орын алды. Аяулым Әміренова – 16, Олеся Граур 23-орында. Анастасия Городко жарыс жолынан шығып кеткендіктен, финалға өте алмады.

«Бүгінгі көрсеткішім жаман емес. Бі-

рақ бұдан да жақсы нәтиже көрсететін мүмкіндік бар еді. Әлі берілмейміз, екінші кезең бар», – дейді Аяулым Әміренова.

Енді спортшыларымыз 5-6 ақпан күндері өтетін іріктеу кезеңінің екінші айналымында сынға түседі. Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша алғашқы ондыққа енген могулшылар финалға бірден жолдама алды. Канадалық Микаэль Кингсбери 81,15 ұпаймен ерлер арасында, ал австралиялық Джакара Энтони 83,75 ұпаймен әйелдер арасында көш бастады.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

СУДА ЖҮЗУДІҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

Қай спорт түрін алсаңыз да, оның адам денсаулығына тигізер пайдасы мол. Соның ішінде суда жүзу спортының орны ерекше. Ғалымдардың айтуынша, жас кезінде суда жүзіп үйренген адамның миы кеш қартайды екен. Сондай-ақ, олар бойды сергітіп, жағымсыз әсерлерден арылудың бірден-бір жолы – осы екенін баса айтқан. Шаршаған денеңізге энергия, қажыған ағзаңызға иммунитет сыйлайтын бұл спорт түрінің сізге берер пайдасы туралы жазбамыздан оқи отырыңыз.

1. Суда жүзу кезінде сіздің барлық бұлшық етіңіз жұмыс жасайды. Суда біресе аяқпен, біресе қолмен жүзе алмайсыз. Бәрі бір уақытта сіздің жүзуіңіз үшін қызмет етуі тиіс. Әр бұлшық ет түрліше күш алады. Сол себепті, денеңіздің бұлшық еті өз формасына қарай қалыптасып, сымбаттылығыңыз арта түседі.

2. Суда жүзу омыртқа ауруларының алдын алады. Қозғалыс дене мүшелерінің қызметін арттырып, омыртқа сүйектерінің жанындағы кішкентай бұлшық еттерді «тынықтырады». Омыртқа бағанасына түскен ауырлықты тежейді. Сонымен қатар, остеохондроз ауруының алдын алып, дене бітіміңізді қалыпқа келтіреді.

3. Жүрек-қан тамырларының жүйесі де сізге алғыс «білдіреді». Себебі, жүзу жүрек соғысына игі әсер етіп, қан айналымын жүйеге келтіреді.

4. Суда жүзде жақсы нәтиже көрсету үшін дұрыс тыныс алуды үйрену керек. Бұл спорт түрімен машықтанған адамның тыныс алу мүшесі де жақсы қызмет атқаратын болады. Әсіресе, көкірек қуысы кеңейіп, тынысы ашылады.

5. Дене температурасы қалыпты жағдайдан шықпай, иммунитетіңіз суық тиюге, тұмауға қарсы тұра алады.

6. Сонымен қатар, артық салмақтан арылуға көмектесетіні де бар. Көп қозғалыс пен энергияның жұмсалудың әсері-

ФУТБОЛ

НҰРАЛЫ ЖЕҢІС ГОЛЫН
СОҚТЫ

«Atlantic Cup–2022» жолдастық турнирінің аясында ресейлік «Зенит» пен даниялық «Миттьюлланд» арасында жолдастық кездесу өтті. Ойын 1:0 есебімен ресейлік команданың пайдасына аяқталды. Жеңіс голын «Зенит» ойыншыларымен бірге оқу-жаттығуда жүрген «Қайрат» футбол клубының қорғаушысы Нұралы Әліп соқты. Отандық спортшы бұрыштама добынан кейін қақпаны дәл көздеп, ойынның 40-ыншы минутында баспен гол соқты.

«Зениттің» бас бапкері Сергей Семак Нұралы Әліптің ойыны туралы:

«Ол өте әдемі гол соғып, жеңіс әкелді. Бірақ ойын шеберлігін әлі де жетілдіру керек. Оқу-жаттығу аяқталған соң, біздің клубтағы Әліптің болашағы туралы шешім қабылдаймыз», – деп баға береді.

Мұндай жарқын ойыннан кейін Ресей чемпионатында көш бастап тұрған «Зенит» 22 жастағы қорғаушыны маусым соңына дейін жалға алуы мүмкін.

Нұралы Әліп «Қайрат» сапындағы 99 ойында 5 гол соғып, 4 нәтижелі пас берген. Қазақстан атынан 12 ойын өткізген. Transfermarkt порталы отандық спортшыны 1,7 млн. еуроға бағалайды.



нен ағзадағы калория мөлшері азая түседі. Оған қоса, жүзу кезінде омыртқаға травматологиялық қауіп төнбейтінін ескеру керек.

7. Суда жүзу жүйкені жұқартып, ойды мың бөлген күйзелістен арылтуға сеп болады. Суық су адам денесіндегі жағымсыз эмоция мен негативті көңіл күйді шайып әкетеді. Бойыңызға қуат беріп, сергітеді.

8. Осы ретте әр іске жақсы ниетпен қадам басу керектігін естен шығармаңыз. Яғни суға жүзуден ләззат, күш ала біліңіз.

Бұл спорт түрінен ажырамас үшін келесі жолы суға жүзуге асығып тұруыңыз керек.

9. Егер сіз мүлдем жүзе алмасаңыз, хауыздан бастағаныңыз жөн болар. Өйткені, хауызда тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндігіңіз жоғары болады.

10. Суда жүзу адамды еш жалықтырмайды. Және арнайы ережені де қажет етпейді. Достарыңызбен жарысып жүзіңіз, шалқан-ңыздан жатып жүзіңіз, су түбіне терең сүңгіп жүзіңіз, ең бастысы, шымыр болып, өз саулығыңызды қорғасаңыз болғаны.

БОКС

АБЫЛАЙХАН КӘСІПҚОЙ
БОКСҚА АУЫСТЫ

Бокстан Қазақстан командасының капитаны Абылайхан Жүсіпов кәсіпқой боксқа ауысты. 24 жастағы боксшы Suleimen Promotion промоутерлік компаниясының келісім-шартына қол қойды.



Абылайхан Жүсіпов – бокстан әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері. Рио және Токио Олимпиадаларының қатысушысы. Сербиядағы әлем чемпионатына Абылайхан команда капитаны ретінде қатысқан болатын.

«Бұл шешімді әлем чемпионатынан кейін қабылдадық. Әуесқой бокс-

тан түбегейлі кеттім демеймін. Бас бапкерге хабарласып, рұқсатын алдым. Алдағы уақытта ірі жарыстар қарсаңында ұлттық құрамамен жаттығатын жоспарым бар», – дейді А.Жүсіпов.

Қазақстан құрамасының жаңа капитаны Асланбек Шымбергенов болды.

КЕРЕК ДЕРЕК

Биатлон тарихы шаңғымен аң аулаған солтүстік халықтарынан бастау алады. Дегенмен, бүгінгі биатлонға ұқсас жарыс 1767 жылы алғаш рет Швеция мен Норвегия арасындағы шекарада өткізілді. Ойын ережесі бойынша күзден түскен шаңғышылар 40–50 қадам қашықтықтағы нысанаға мылтықпен тигізуі керек болған.



БИАТЛОН ТАРИХЫ

Қысқы Олимпиада ойындарында биатлоннан алғашқы жарыс 1924 жылы Францияның Шамон қаласында өтті. Бір қызығы, ойын бұл кезде «әскери патрульдік жарыстар» деген атпен өткізілген.

1954 жылы Халықаралық Олимпиада комитеті биатлонды ресми түрде спорт түрі деп таныды. Ал 1960 жылдан бері олимпиада бағдарламасының тұрақты спорт түрі. Бастапқыда жарыс тек ерлер арасында ғана өткен. Бірақ 1992 жылғы Олимпиада ойындарында әйелдер де жарыс жолына шықты.

Қысқы Олимпиада тарихында биатлоннан

ең көп медаль алған мемлекет Германия – 52 медаль (19 алтын, 21 күміс, 12 қола). Екінші сатыда Норвегия – 41 медаль (16 алтын, 15 күміс, 10 қола). Үздік үштікте Ресей командасы да бар – 24 медаль (10 алтын, 6 күміс, 8 қола). 1 күміс жүлдемен Қазақстан құрамасы 21-орында жайғасып тұр. Бұл медальды 2010 жылы Ванкувер Олимпиадасында Елена Хрусталева иеленген болатын.

Бейжің Олимпиадасында Қазақстан атынан Галина Вишневская, Александр Мухин және Владислав Киреев сынға түседі. Спортшыларымызға сәттілік тілейік!

Бетті дайындағандар Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ, Досбол АТАЖАН.



ҚОЛӨНЕР

Есен МҰХТАРҰЛЫ:

ТЫРБЫҚ ӨСКЕН АҒАШ СӘНДІ КЕЛЕДІ...



Халқымыздың қолөнер кәсібі ғасырлар бойы дамып келеді. Келер ұрпаққа мұра ретінде шеберлеріміз шексіз де көркем қиялынан туған мінсіз формалы бірегей бұйымдарын қалдырған. Сол мұраны, дәстүрлі мәдени құндылықтарды мұқият сақтап, жеткіншек ұрпаққа жеткізе білу қазіргі буынның негізгі міндеті.



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қазақ халқының мол байлығының бірі де осы қолданбалы өнері. Шығармашылықтың көптеген сәндік түрлері ерте замандарда пайда болып, қазіргі кезде де дамуын жалғастырып келеді. Суретшілер мен шеберлердің әрбір жаңа буыны, алдыңғы буын тәжірибесін негізге ала отырып, осы бір халық өнерін байытып, молайтып келеді. Олар өздерінің қайталанбас туындыларына өз дүниетанымын, қиялы мен жанының бір бөлшегін салады. Осылайша шынайы, таза шығармашылық пайда болады. Бұл ретте 20 жылдан астам уақытын өзінің сүйікті ісіне арнаған Есен МҰХТАРҰЛЫМЕН әңгімелесу бақыты бұйырды.

— Халық арасынан шыққан шеберлер өз жұмыстарында әр алуан материалдарды пайдаланады. Дегенмен, солардың ішіндегі ең кеңінен тарағаны — ағаш. Бұл материалды адам көне заманнан бері пайдаланып келеді. Одан не жасамайды десеңізші, әдемі әшекейлер, жиһаздар, еңбек құралдары мен ыдыстар және т.б. көптеген бұйымдар жасалады. Бұл ретте шеберлерге табиғаттың өзі қолдау көрсетіп, тамаша туындыларды жарыққа шығаруға септігін тигізеді, — дейді шебер. Оның композицияларының негізін ағаш тамырлары, жел сындырған бұтақтар мен тырбық ағаштар құрайды. Олар шебердің туындыларында жаңадан өмір сүре бастағандай кейіпке енеді.

— Тырбық өскен ағаштың өзі сәнді келеді. Оның жатық ирімдері мен күрделі формалары суретшіге шабыт беріп, қиялын шарықтатады. Тырбық ағаштардан жасалған композициялар мен мүсіндер гажайып түрде табиғи материалдың әдемілігі мен жылулығын сақтап қалады. Осы бір қызықты формаларға қанишалықты қарасаңыз, сонша рет жаңа нәрсені көресіз, — дейді Есен.

Шебер үшін тау жоталары, төбелер мен ойпаңдар, бірі қарқынды, бірі сылдырай аққан жылғалар шығармашылығын шарықтай түсіретін көрінеді.

Есен табиғаттың осынау бір ғажайыптарына көз салғанда, сондай бір керемет бұйым жасап, бар әдемілігін сақтап, соны басқа жандарға да көрсеткісі келетінін жасырмайды.

— Барлық уақытымды шеберханада өткізгенді жаным сүйеді. Ал шабытымды айналадағы әсем жаратылыстан таба-



мын. Маған көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын да, жанымға жылу беретін де жалғыз табиғат. Сол себептен болар, жұмысқа бар қуш-қуатымды сарп еткізсем де, шаршау деген білінбейді. Керісінше, шабытым оянып, елді елең еткізер дүниелер жасауды ойлаймын, — дейді ол.

20 жылдан астам уақытын осы салаға сарп еткізген шебер жаңа техникаларды, түрлі бұйымдарды қалай дұрыс қолдану керектігін де атап өтті.

— Ағашпен жұмыс істеуге қажетті аспаптардың көптігі соншалықты, оларды тіпті көзбен шолып шығудың өзі қиын. Ол қашаулар жиынтығы, сүргілер, қол бұрғылар, қол аралар, кемпірауыздар, тіс-

теуіктер мен металл кесетін қайшылар, пышақтар, ажарлау машинасы, т.б. көптеген құралдардан тұрады. Жұмыс күрделі және әртүрлі болған сайын оны жасауға да түрлі құралдар мен аспаптар қажет болады. Әртүрлі жұмыстарды жасау үшін шеберлерге әртүрлі жиынтықтар қажет. Мысалы, сүргімен ағашты қажетті көлемге дейін сүргілейміз. Бетін тегістеп, кертіктерін, қылауларын, майда бұтақтарын алып тастаймыз. Жиіктерін кесеміз. Жылтырлатып фактурасын күшейтеміз. Сақталып қалған табиғи текстура, қарапайым сызықтардың өзі мәнерлілік береді, — дейді ол. Шебер қайталанбас бұйымдар арқылы еліміздің, халқымыздың тарихын, ұлттық дәстүрлері мен ерекшеліктерін келер буынға жеткізуде. Сондай-ақ, ол өзі өмір сүрген табиғи ортадан керегін тауып, таңдап, қажетті бұйымдарды жасай білуімен ерекшеленіп тұр.

— Ағашты шіріген қабықтан және керекті композициядан артық болатын элементтерінен тазартамыз. Егер қабық мықты болса, оны кейде қалдырамыз. Паразиттер енгізіп алмас үшін, қабық астында жасырынып қалғандардан құтылу үшін ол ағашты арнайы құралмен өңдейміз. Тазартылған ағаштарды балауызбен немесе арнайы лакпен бояймыз. Ірі тамырлар ағаштың басқа бөлігіне қарағанда азырақ жарылады. Сонымен қатар, олардың ирелеңдері мәнерлі және құрылымы әдемі, көлемді болып келеді. Ағашты жақсылап кептіру қажет. Әдетте ылғалдылығын тұрақты да жабық жерде кептіреміз. Ең маңыздысы, ағаштың біркелкі кебуі. Одан кейін ағаш бөлшектерді металл қапсырмалармен бекітіп, жиіктерге ою-өрнектер саламыз, — дейді шебер.

Есен ағашқа алдымен қарындашпен сурет салып, оны ойғандықтан, ол мүсінделе түседі. Осылайша шебердің ойында бір оқиға құрылып, сол оқиғаны ойындағы композиция арқылы әңгімелеп береді.

— Өз туындыларымды әр алуан сәндік элементтермен толықтырамын. Осылайша кей заттардан ағашықтар сырын, енді бірінде батырлар шайқасын, халық ауыз кейіпкерлерінде көруге болады. Сондай-ақ, жұмыс барысында жануарлардың, арқардың, қошқардың мүйіздерін ағашпен үйлестіреміз. Олардың жақсы кепкеніне, ешқандай ақау болмауын қадағалаймыз. Осылайша оны тегістеп, мүйізді жылтыратамыз. Кей кездері мүйіздерді жылтыратуға барқыт мата, кейіз қолданамыз. Негізгі бөлшектерін таңдап алғаннан кейін, құрастыра басаймыз, — дейді шебер.

Есен композициясын сүйекпен безендіреді. Асықтарды таңдап алып, сүйекке сурет салады. Арнайы борғымен салынған сызықтардың бойын туралай отырып, ойықтар жасайды. Сонда сүйек әдемі, сәнді элементке айналады.

— Барлық бөлшектерді біріктіре бекітіп, аса күрделі формула жасаймыз. Нақ, табылған фактураның, бөлшек иірімдерінің панорцияларының арқасында композиция жанды образды болып шығады. Жасаған дүниеміздің жартысын бағалы тастармен көмкеріп шығамыз. Тасты берік орнату үшін жұқа жез жолақпен тасты сақина тәріздес етіп орап, сол сақинаны металл негізге дәнекерлеп бекітеміз. Сонда тағы бір әдемі элемент пайда болады. Металл пластинкалардан домалақ тиындар кесіп алып, композицияны безендіреміз. Мұндай туындыны жасау еңбекті көп қажет ететін процесс және үлкен шығармашылық әлеуеттің болуында талап етеді. Оның нәтижесінде бұйым бірегей туынды болып шығады. Мұндай бұйымды басқа еш жерден кездестірмейсіз, — дейді шебер.

Бүгінгі күні мүйізден ұлттық нақышпен жасалған медальондар, эксклюзивті туындыларды бағалаушылардың үлкен сұранысына ие. Оларды жасағанда шебер, жануар мүйізінің арнайы бөлігінен пластина кесіп алады. Содан кейін түйіндік медальондар тегістеліп, жылтыратылады. Бұл әдіс бұйымды өңдеудегі соңғы процесс. Жылтыратқан кезде оның бетінен мүйізді қабат алынып тасталады. Осылайша оның беті айнадай жарқырайды. Одан кейін шебер медальондарға шынайы немесе қиял-ғажайып жануарлардың немесе өсімдіктердің суретін ойып салады. Есеннің еңбегі ерекше, себебі оның туындылары бір-біріне ұсамайды. Әрбірінің өзіне тән көркем белгілері бар. Бұл оның бірегейлігін арттыра түсуде десек, артық айтпағанымыз болар.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

Ол бізге жезде болатын, апамның зайыбы — Сейдан. Бәрі «начальник» деп кеткен. Өзі қара, қуаң өңді еді. Кішілер «Сейдан ата» дейтінбіз. Шылымды көп шегетін. Басында үнемі шапка жүретін. Мылтық атқанда дәлдікпен тигізетін. Қалжыңды тістеп-тартып айтатын. Айтқанда өнбойынды шымырлататын. Арғы жағын бағамдай беріңіз. Ісі нық, әрекеті есеппен. Артық қимылға бара бермейтін. Бір көргенге қу адам сияқты сезілетін.

Тұзақшының тағдыры



Ол — тұзақ, қақпан құрудың шебері еді. Бір күні ерте тұрдым. Көзімді аша сала апам мен жездемнің үйіне жөнелдім. Сондағы екі үйдің қашықтығы 20–30 метрдей ғана. Барсам, торда қасқырдың қос бөлтірігі жатыр. Түстері сұр, итке ұқсайды. Ырылдайды. Жолатпайды. Көп ұзамай терілерін сыпырды. Жаның ашиды. Тірі кездерінде ырылдап, айбат шексе де, көз жанарлары намыс пен қайратқа толы сезілетін. Айыбы — қақпанға ілінгені. Көп ұзамай тоғайдағы құлынды биеге қасқыр шапты. Саны белгісіз. Құлының құйрығын осып түсіпті. Біразға дейін кешқұрым мал қора жақтан қасқырдың ұлыған үні естіліп жүрді. Осы үн ай жарықта жаңғыра түсетін.

Ертесіне жездемдер арланның ізі жатқанын айтты. Өлгі құлын арам қатты. Биені бауыздап үлгерді. Ал көкжалдар болса біресе қорадағы, біресе түздегі малдарға шабуылдарын саябырлатпады. Жездем де ұзақ жылдар сүйікті ісінен бас тартпады. Сөйтіп, қартайып, бір үйде жалғыз қалып өмірден өтті. Тұзақшының тағдыры осылай болды.

Осы күні ойлаймын, сол екі бөлтірікке бекер тиді ме деп. Екі бөлтіріктің өмір сүруге деген үміті мен қуатты жанары көз алдыма мәңгі сақталды. Сол шабуылдаған қасқырлардың күшіктері екен. Оны кейін білдік. Бәлкім, бөлтіріктерді қоя бергенде бәрі басқаша болар ма еді. Кім білсін?!

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



МӘСЕЛЕ

ОНЛАЙН ОҚУ

сапасы қандай?

Пандемия өмірімізге едәуір өзгерістер әкелді. Бізге «онлайн оқу» дегенді де осы індет «енгізді». Қиын кезеңде дәстүрлі оқудың орнын басқан онлайн тәлімнің білім сапасына әсері қандай? Осы жөнінде тарқатып көрейік.

ЕЛІМІЗДЕ



Досбол
АТАЖАН

Еліміздің оқу орындары 2020 жылдың сәуір айынан бастап қашықтан оқу жүйесіне көшті. Ал сол жылдың қыркүйек айынан кейін пандемиялық жағдайдың жақсаруына не керісінше, ушығуына қарай білім аралас жүйеде беріліп жатыр. Оқыстан келген бұндай жаңалықты халық әртүрлі көзқараспен қарсы алды. Әлеуметтік желіде мектептің сағынып жылаған балалардың, көп баласының бәріне бірдей гаджет тауып бере алмай шағымданған аналардың бейнежазбалары тарады. Ал студенттердің бір тобы оқу мен жұмысты қатар алып жүруге мүмкіндік пайда болғанын жақсы қабылдады. Десек те, екі жылға таяған онлайн оқудың жалпы білім сапасына әсер еткендігі сөзсіз. Соның нәтижесін анықтау үшін ресми статистикаға жүгінейік.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2019 жылы 3–6 жас аралығындағы балалар біліммен – 95,4%, 7–10 жас – 125,2%, 11–15 жас – 102,8%, 16–17 жас аралығын-

дағы балалар 85,2% қамтылған. Ал 2020 жылы бұл көрсеткіш 3–6 жаста – 82,3%, 7–10 жаста – 99,8%, 11–15 жаста – 102,8%, 16–17 жаста 86,7%-ды құраған. Бір жыл ішінде статистиканың 4 тармағының 3-еуі төмендегенін байқауға болады. Яғни онлайн оқу жүйесі басталғалы ата-аналар баласын мектепке беруге асықпады. Еліміздегі шәкірттердің білім сапасының бірден-бір көрсеткіші – ҰБТ нәтижесі. 2019 жылы 110 мыңнан астам түлек тест тапсырып, шектік деңгейден 74,8%-ға өткен. Орташа балл 65,5 болды. Ал 2020 жылы 131 мың мектеп бітірушінің орташа балы 64,5-ті құраса, шектік деңгейге 68%-ы ғана жете алды. Соңғы оқу жылын онлайн бітірген түлектердің нәтижесі біршама төмендегені анық байқалады.

Бұл көрсеткіштердің төмендеуіне бірнеше себеп бар. Негізгі себептердің бірі – еліміздің барлық өңірінің байланыспен толық қамтылмауы. Еліміз қашықтан оқуға көшкен 2020 жылы 2000-ға жуық елдімекенде әлі де мүлдем интернет байланыс болмаған. Speedtest жаһандық индексінің дерегіне, Қазақстан мобильдік интернет

жылдамдығы бойынша Армения, Әзербайжан елдерін алдына жіберіп, 90-шы орында тұр. Интернет жылдамдығының өзге елдермен салыстырмалы түрде төмен болуы да онлайн оқуға кері әсерін тигізді деп айта аламыз. Балалардың үйде отыруы білім сапасын жақсартпаса да, жалпы денсаулық жағдайына кері әсер етпеген екен. Ұлттық бюро мәліметінше, 14 жасқа дейінгі балалардың арасында инфекциялық, психикалық, қан, бұлшықет ауруларының көрсеткіші 2019-2020 жылдар аралығында көбеймеген.

Онлайн оқу жұмыссыздық мәселесіне де оң әсер еткен. Жалпы жұмыссыздық көрсеткішіндегі 15–17 жастағы балалардың үлесі 2020 жылы 2,2%-дан 1,3%-ға дейін азайған. Онлайн деген ұғым енгелі бері телеарналарда ағартушылық бағдарламалар да көбейді. Мысалы, «Балапан» телеарнасы түске дейінгі бағдарламада әр сыныпқа арналған арнайы сабақтарды көрсете бастады. Бұл тенденция қазіргі аралас оқу кезінде де жалғасып жатыр. Сондықтан бұл өзгерістердің барлығын қашықтан оқудың пайдасы деп айта аламыз.

ӘЛЕМДЕ

Әлемнің 192 елі пандемия кезінде оқу орындарын жауып тастады, ал 50-ден астам ел қашықтықтан оқытуға көшті. ЮНЕСКО мәліметінше, коронавирустың таралу қаупі әлем мектептерінің 90%-дан астамына әсер еткен. Барлық елде мұғалімдердің цифрлық технологияны меңгеру деңгейі жеткіліксіз екені, ата-аналар оқу жүйесінің ұйымдастырылуына, үйде интернеттің жоқтығына шағымданатыны атап өтілген. Федерация кеңесінің Ғылым, білім және мәдениет комитетінің төрайымы Лилия Гумерованың айтуынша, қашықтан оқытуға жаппай көшу барлық мемлекет ата-аналары мен мұғалімдері үшін де қиындық туғызды. Мысалы, Португалияда мектеп оқушыларының 20%-ы дерлік үйінде компьютер мен интернетке қол жеткізе алмайды. Пошта қызметкерлері балаларға тапсырмаларды әкеп, орындалған жұ-

мыстарды мұғалімдерге апарып беретін болған. Ұлыбританияда ата-аналар балаларға қажетті планшет пен компьютерлер берілмегені үшін үкіметке жаппай шағым жазған. ЮНЕСКО басшысы Одри Азуле кейбір Африка елдерінде балалардың 80%-ы интернетке қол жеткізе алмайтынын айтады.

Қазіргі уақытта оқу орындары аралас оқу жүйесімен білім беруде. Жоғарыда көрсетілген пікір мен көрсеткіштерге сүйене отырып, біржақты онлайн оқудың кемшілігі көп екенін түсінеміз. Коронавирустан әлем айыққанша аралас жүйені пайдаланғанымыз дұрыс. Ал тыныш уақытта дәстүрлі білім беру жүйесін, әсіресе, мектептерде қайта қолданғанымыз жөн. Қандай жағдайда да еліміздің болашағы болатын оқушы-студенттерімізді сапалы білімнен ажыратпауымыз керек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Еркебұлан ШЫНАСЫЛ,
Абай атындағы ҚазҰПУ студенті:

БІРЖАҚТЫ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Онлайн оқуға біржақты қарауға болмайды. Меніңше, бұл студенттер үшін тиімді. Себебі, студенттер естіп-білгенімен қоса, өзіндік жұмыс істеуге қиналмайды. Білім алу үшін де мұғалімнің дәл түбінде тұруы маңызды емес. Бірақ оқушылар үшін, әсіресе, бастауыш сыныптың балаларына қашықтан оқыту кесірі әсерін тигізеді. Менің кіші сыныптарда оқытын інілерім бар. Оларға үйде отырып оқу қиын және сабақтары қатар келіп қалса, телефонға таласып қалып жатады. Сондықтан оқушылардың барынша мектеп қабырғасында білім алғаны дұрыс.



Самал ЖЕКСЕНОВА,
ата-ана:

ДӘСТҮРЛІ ОҚУҒА ЖЕТЕРІ ЖОҚ

Онлайн оқу деген анаға да, балаға да тиімсіз болғаны анық. Барлық әйел ана бола алғанымен, ұстаз бола алмауы мүмкін. Мектеп білімін дәл мұғалімдей түсіндіре алмаймыз. Оған қоса, ата-аналардың жұмыстан қолы да босай бермейді. Кейбір отбасылардың техникалық мүмкіндіктері де жоқ. Балаларымыз ұстазының алдында, оқытушыларының энергиясын сезіне отырып білім алғаны дұрыс. Онлайн оқуға мәжбүрліктен көштік. Ал пандемия бітсе, дәстүрлі оқудың болғанын қолдаймын.

EXPO-2020

Адамзатты біріктірген туынды



EXPO-2020 Dubai көрмесіндегі Қазақстан павильоны «Әлем бейнесі» арт-жобасымен Гиннес рекордтар кітабына енді.

Бұл туралы «Әлем бейнесі» жобасына бастамашы болған қазақстандық DPARTNERS компаниясының продюсері Дана Орманбаева Instagram-дағы парақшасында хабарлады. Сондай-ақ, продюсер Гиннес рекордтар кітабына енгені туралы сертификатты табыстау рәсімін парақшасынан тікелей эфирде көрсетті. Сертификат Қазақстан павильонының сахнасында табысталды.

– Біз өте қуаныштымыз. Барлығыңызға

жылы пікір мен құттықтауыңыз, тілегіңіз үшін алғыс айтамыз. Кейінірек егжей-тегжейлі жазып, әлемдік БАҚ-тан мақалалар жариялаймыз, – деді продюсер Дана Орманбаева.

«Әлем бейнесі» арт-жобасында қазақстандық картинаға дүние жүзінің 193 елінен келген 1900 адам өз қолтаңбасын қалдырған. – 260 адам бір уақытта қылқаламды бір-біріне берді. Дәл осы жобамыз Гиннес рекордына айналды. Бүгін біз әлемнің көрнекті басылымдарына сұхбат бердік, – деді Дана Орманбаева.

«Әлем бейнесі» арт-жобасында қылқалам мен бояудың көмегімен дүние жүзінің түкпір-түкпірінен келген әр адам өз қолтаңбасын қалдыра алады. Жобаның маңызды ерекшелігі де – сол. «Әлем бейнесі» жобасы Жер планетасының кенептегі бейнесі тәрізді жасалған. Оның негізгі идеясы EXPO-2020 Dubai көрмесінің «Ақыл-оймен болашақты қалыптастыру» тақырыбымен үндеседі. Картинаны жасаудағы мақсат – ғаламшарымызда өмір сүретін адамдарды павильон аумағында бір өнер туындысы арқылы біріктіру.

Гиннес рекордтар кітабын бүгінде дүние жүзінде жүздеген елдің азаматтары оқиды.

ТУРИЗМ

Балалар ұшақпен тегін ұшады



Ел аумағында турист ретінде саяхаттайтын кәмелетке толмаған 2 жастан 18 жасқа дейінгі балалар ұшақта тегін ұшатын болды.

Осылайша Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы бұйрығы күшіне енді. Яғни 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан аумағында турист ретінде ұшатын кәмелетке толмаған жолаушылар билетінің құнын субсидиялау бекітілді.

Ереже бойынша, биыл 1 қаңтардан бастап ел аумағында турист ретінде саяхаттай-

тын кәмелетке толмаған әуе жолаушыларының билет ақысын мемлекет төлейді. Осылайша Қазақстан азаматтығы бар балалар немесе елде тұрақты тұруға құқығы бар азаматтығы жоқ жастар тегін ұшады. Тегін ұшатын балалардың шекті жасы 2 жастан 18 жас аралығы деп белгіленген.

Құжат бойынша мұндай субсидия ішкі туризм саласында қызмет ететін туроператордан сатып алынған кәмелетке толмаған жолаушы билетіне төленеді.

Субсидия алу үшін туроператор Kazakh Tourism Ұлттық компаниясына қажет құжаттарды өткізіп, өтініш жіберуі керек.

Туроператорлар жыл сайын 20 желтоқсаннан кешіктірмей, уәкілетті органға бөлінген субсидия қаражатының пайдаланылуы туралы ақпаратты ұсынады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі азаматтық авиация комитеті былтырғы жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық авиакомпаниялар тасымалдаған жолаушылар саны 2020 жылмен салыстырғанда 71 пайызға артып, 9,4 миллион адамға жеткенін хабарлады.

Әзірлеген Әсел ДАҒЖАН.



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

ХАЛЫҚҚА –
САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Алматы қаласы бойынша филиалы Алматы аудандық фронт-офисінде қоғамдық қабылдау шаралары өткізілді.

Ақтоққын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Іс-шара қала тұрғындарының мемлекеттік қызметтерді алуға түйткілді сұрақтарына жауап беру, құқық бұзушылықтарға төзбеу қағидатын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылды.

«Біз мұндай қоғамдық қабылдауларды бұрын да өткізіп тұратынбыз. Пандемия салдарынан біраз уақыт тоқтап тұрды. Енді қайта қолға алып, әр аудандағы ХҚО бөлімдерінде қызмет алушылармен бетпе-бет кездесіп, мәселелерінің шұғыл шешілуіне ықпал етпекпіз. Шара тұрғындарға қаншалықты пайдалы болса, олардың сын-ескертпелері арқылы біз де қызмет ұсыну үдерістерін жетілдіре беретін боламыз», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕ АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Ермек Бекжүнісов.

Өткен аптада Медеу ауданының қызмет алушылары, ал бұл жолы Алматы ауданының тұрғындары мемлекеттік қызмет алуға қатысты сұрақтарына жауап алды. Аудан тұрғыны Айгүл Сәбитқызы толық емес отбасы ретінде үй кезегіне тұру жолын сұраса, Жадыра Аманова оңалту бойынша біржолғы төлемдер туралы, Сергей Александров тұрғылықты мекенжайының өзгерістеріне қатысты, Елена Андреева мемлекеттік актіні электрондық

форматта алу сияқты сұрақтармен келсе, Раиса Сергеева пәтерінде тұрған бұрынғы тұрғындарын тіркеуден шығару жолын сұрады.

Іс-шара барысында 50-ге жуық қызмет алушының сұрақтары тыңдалып, кейбір мәселелерді департамент өз құзыретінің шегінде бақылауға алды. Сұрақтардың басым көпшілігі әлеуметтік саласына, жер және құжаттандыру мәселелеріне қатысты болды.

«Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде мемлекеттік қызметтер көрсету барысында халықтың көп кедергілерге тап болмай, сапалы қызмет алуына жағдай жасау керек. Шараны ұйымдастырудағы мақсатымыз – мемлекеттік органдардың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету. Қалыптасқан сындарлы диалогта нәтижеге қанағаттанған орындау шеңберінде органдардың жұмысы туралы оң пікірлерін қалдырған азаматтардың бірқатар қажеттіліктері шешілді», – дейді Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы департаментінің өкілі Максат Жаңбыршиев.

Бұл шара барлық санитарлық нормаларды, сонымен қатар әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып өткізілді. Мұндай қоғамдық қабылдаулар қаланың әрбір ауданындағы фронт-офистерде (ХҚО) апта сайын өтіп тұрады дейді ұйымдастырушылар.

ШАРА

Өзекті мәселе
қозғалды

Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің ұжымы жақында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С.Брекешовтің басшылығымен ZOOM алаңында «2021–2025 жылдарға арналған Жасыл Қазақстан Ұлттық жобасын» іске асыру тақырыбындағы жиынға қатысты.

Министр өз тарапынан аталған Ұлттық жобаның мақсаты мен мәні, алда тұрған жұмыстар легі, оның ішінде атмосфералық ауаға шығатын шығарындылар көлемін азайту, Мемлекет басшысымен бекітілген Кесте-жоспарға сәйкес шығарындылар лимиттеріне кезең-кезеңмен қол жеткізу, табиғат пайдаланушылар мен өндіріс ошақтарының жаңа қолжетімді технологиясын кеңінен пайдалану, өндірісті автоматтандыру, жаңартылған электр көздерін кеңінен өндіру мәселелерін қозғады.

Атмосфералық ауаның сапа-



сын жақсарту тапсырмасы бойынша, шығарындыларды төмендету, қоршаған ортаны қорғауға арналған іс-шараларды белсенді жүргізу аясында Алматы қаласы бойынша Алматы электр станциялары АҚ қарасты №1, 2 «Жылу электр орталықтары» «Таза ауаны» қамтамасыз ету тізіміне енгізілген.

Бекітілген шектеулі лимиттері 2021–2024 жылдарға 47,6 мың тонна болса, 2025 жылға, газға көшіруге байланысты 7,6 мың тоннаға дейін шығарындылар көлемін төмендету жоспарланған. Жиында адам денсаулығы, халықтың әлеуметтік жағдайы, экология сапасы бір-бірімен тығыз байланысты екендігі кеңінен баяндалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЭКОЛОГИЯ

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Қазақстан бойынша қалдықтарды бөлек жинау талаптарын бекітіп, барлық қалдықтарды екі топқа бөлді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Олар:

• «дымкыл» қалдықтар – тағам қалдықтары, органикалық заттар, аралас қалдықтар және табиғаты мен құрамы бойынша тұрмыстық коқыстарға ұқсас қалдықтар;

• «құрғақ» қалдықтар – қағаз, картон, металл, пластик және шыны коқыстары.

Бұйрыққа сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктері қалдықтарды жинайтын және тасымалдайтын, бөлек жинау үшін контейнерлерді ұйымдастыратын, халыққа ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізетін тұрмыстық қатты қалдықтар нарығына қатысушыларды анықтау бойынша конкурс өткізді.

Бытырғы жылдың желтоқсанынан бастап күшіне енген



құжатта электронды және электр жабдықтары, құрамында сынабы бар қалдықтар, батареялар, аккумуляторлар және басқа да қауіпті компоненттері бар қалдықтар бөлек жиналып, мамандандырылған ұйымдарға қалпына келтіруге берілетіні де айтылған.

Қоқыс контейнерлеріне жанып тұрған, ыстық қалдықтарды, ірі көлемді қалдықтарды, қар мен мұзды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін заттарды, басқа да қауіпті контейнерлік бөлшектерді тастауға тыйым салынады.

Сондай-ақ, құрылыс қалдық-

тары да тікелей құрылыс алаңында немесе жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған арнайы жерде басқа қалдықтардан міндетті түрде бөлінуі керек.

«Меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан тұлғалар орталықтандырылған жүйені пайдалану кезінде нақты елдімекенде немесе оның құрамдас бөлігінде қалдықтарды бөлек жинау үшін орталықтандырылған жүйе шеңберінде жасалған шарттарға сәйкес түзілген қалдықтарды түрлері немесе топтары бойынша бөлуді қамтамасыз етеді», – деп көрсетілген.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Қоқысты сорттап тастаңыз

Қаланың қатты-тұрмыстық қалдықтарды қабылдау пункттерінің картасы

Пластик қабылдайтын мекенжайлар:

1. Вишневый, 21 А, дүңгіршек.
2. Тимирязев, 81/3, дүңгіршек.
3. «Самал-1» ықшамауданы, 32, дүңгіршек.
4. Мақатаев, 41/1, дүңгіршек.
5. 8-ықшамаудан, 57, дүңгіршек.
6. Төле би, 144 б/1.
7. Гагарин даңғылы, 282/1, дүңгіршек.
8. 5-ықшамаудан, 36, дүңгіршек.
9. Уәлиханов көшесі, 70/1.
10. «Думан-2» ықшамауданы, дүңгіршек.
11. Брусиловский, 68.
12. Саин, 16, дүңгіршек.
13. Омаров, 96 В.
14. «Ақсай-3» ықшамауданы, 1 А/1.
15. Сабатаев көшесі, 18.
16. «Айнабұлақ-3» ықшамауданы, 119, дүңгіршек.

17. Қыдырбеков к-сі, 36, дүңгіршек.
18. Бәйтерек көшесі, 43, дүңгіршек.
19. Бекболат көшесі, 1, дүңгіршек.
20. «Зерделі» ықшамауданы, 1/161, дүңгіршек.
21. Баймағамбетов көшесі, 1/32 А.
22. «Қалқаман-2» ықшамауданы, 10 А, дүңгіршек.

23. «Жұлдыз-2» ықшамауданы, 28.
 24. «Көкжиек» ықшамауданы, 35, дүңгіршек.
 25. Бәйдібек би көшесі, 164 А, Ұзынағаш ауылы, Алматы облысы.
- Байланыс: +7 (727) 244-87-87.
Бағасы: 10–15 теңге / килограмм.
Мекенжайы: Березовский көшесі, 5 А, Райымбек даңғылы, 225-үй.
Жұмыс уақыты: де-жм: 9.00 – 18.00.
Байланыс: +7 (727) 312-12-88.

Полиэтилен қабылдайтын мекенжайлар:

Бурундай көшесі, 91 В.

Бағасы: келісілген.

Макулатура қабылдайтын мекенжайлар:

Мекенжайы: Қазыбаев көшесі, 264 А.

Байланыс: +7 (727) 377-81-85 (алдын ала қоңырау шалыңыз).

Бағасы: 35 теңге/килограмм.

Мекенжайы: Алатау ауданы, «Самғау» ықшамауданы,

Ырысты көшесі, 15 А.

Жұмыс уақыты: де-жм 10.00–17.00.

10.00–15.30, күн-демалыс.

Байланыс: +7 (727) 244-87-87,

+7 (727) 244-87-97.

Бағасы: келісімді.

Мекенжайы: Жүргенов көшесі, 1, 1-пәтер.

Жұмыс уақыты: де-жм 9.00–18.00.

Байланыс: +7 701 127 68 18.

Бағасы: 40 теңге/килограмм.

Картон

Мекенжайы: «Мамыр» ықшамауданы, Бақша бульвары, 13.

Жұмыс уақыты: де-жм 10.00–14.00,

сенбі 9.00–14.00-ге дейін.

Байланыс: +7 (727) 256-98-82.

Бағасы: 8-12 теңге/килограмм.

20–35 теңге/килограмм.

Шыны ыдыс

Мекенжайлары: Түркебаев, 24;

Алтынсарин даңғылы, Қуанышбаев көшесінің қиылысы (№6 емхананың қасында);

Розыбакиев көшесі, 125/9;

«Самал-1» ықшамауданы (Меңдіқұлов көшесінің бойында, Жолдасбеков көшесінен төмен 200 метр).

Жұмыс уақыты: дүйсенбі-сенбі 7.00–19.00.

Байланыс телефондары: +7 707 302 06 02,

+7 775 817 72 00.

Мекенжайлары: Әуезов көшесі, 266;

Осипенко көшесі, 15/2;

Жұмабаев көшесі, 21 А/1.

Бағасы: бір дана 6 теңге.

Мекенжайы: Бережинский, 33 жаста.

Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Байланыс телефондары: +7 747 171 03 11,

+7 777 977 24 11.

Батарейалар

Мекенжайы: Абай даңғылы, 2 (КИМЭП);

Уәлиханов, 170;

Сәтбаев, 16/18 А (Тұран);

Қабдолов, 1 (Армада).

Бағасы: тегін.

Байланыс: +7 (727) 279-99-99.

Құрамында сынап бар қалдықтар

Мекенжайы: Рысқұлов даңғылы, 51 А.

Жұмыс уақыты: жұмыс күндері сағат 09.00-ден 16.00-ге дейін.

Байланыс: +7 (727) 384-39-12.

Бағасы: 1 дана 80 – 265 теңге.

Мекенжайы: 9-ықшамаудан, 9.
Жұмыс уақыты: жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Байланыс: +7 (727) 242-40-20.

Бағасы: 1 дана 70 теңге.

Шамдар

Мекенжайы: Рысқұлов даңғылы, 51 А.

Жұмыс уақыты: жұмыс күндері сағат 09.00-ден бастап

16.00-ге дейін.

Байланыс телефондары: +7 (727) 384-39-12,

+7 (727) 384-39-12.

Бағасы: 1 дана 80 теңге.

Медициналық қалдықтар

Мекенжайлары: Сейфуллин даңғылы, 284;

«Орбита-1» ықшамауданы, 40;

Егізбаев көшесі, 7;

Саин көшесі, 16;

Жандосов көшесі, 5;

Әл-Фараби даңғылы, 7.

Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма 9.00–17.30.

Байланыс телефондары: +7 777 669 55 55,

+7 (727) 328-55-77, +7 (727) 393-32-76.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.



		360	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім бас- қармасы	1 118 018,0
		016	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	879 204,0
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	238 814,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	1 005 920,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	1 005 920,0
		317	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	4 000 000,0
		017	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау	4 000 000,0
		327	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік әл-ауқат басқармасы	15 344 851,0
		003	Жұмыспен қамту бағдарламасы	7 624 070,0
		007	Тұрғын үйге көмек көрсету	55 500,0
		008	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша азаматтар- дың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	2 056 764,0
		009	Мүгедектерді әлеуметтік қолдау	1 088 271,0
		015	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедек- терді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсет- етін тіл маманының қызметтерін ұсыну	3 320 368,0
		016	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу	284 569,0
		018	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	438 291,0
		030	Жұмыспен қамту орталықтарын қамтамасыз ету	477 018,0
		321	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тұрғын үй және тұрғын саясаты басқармасы	1 000 000,0
		068	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру	1 000 000,0
		325	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	44 606,0
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қам- тамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	44 606,0
		327	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік әл-ауқат басқармасы	6 016 355,0
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, ең- бек және көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 189 163,0
		013	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есеп- теу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	48 124,0
		019	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс- ты орналастыру	1 782 385,0
		026	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	724 000,0
		028	Күш көрсету немесе күш көрсету қауіпі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	145 920,0
		045	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қам- тамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	1 722 481,0
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	349 860,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	54 422,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	126 997 335,0
		314	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қала- лық орта басқармасы	25 651 432,0
		012	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	8 549 727,0
		017	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	9 541 705,0
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	7 560 000,0
		316	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерго- тиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	5 299 311,0
		008	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	5 299 311,0
		321	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тұрғын үй және тұрғын саясаты басқармасы	1 286 458,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй және техникалық құрылғылар- ды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету мәселелері бойын- ша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	591 049,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	695 409,0
		351	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қаты- настары басқармасы	9 446 695,0
		010	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған бай- ланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	9 446 695,0
		314	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қала- лық орта басқармасы	2 738 116,0
		013	Қаланы абаттандыруды дамыту	2 738 116,0
		315	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл эконо- мика басқармасы	11 225 093,0
		017	Қаланы абаттандыруды дамыту	11 225 093,0
		316	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерго- тиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	25 188 288,0
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және инфрақұрылымдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 780 573,0
		007	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	23 025 642,0
		016	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 689,0
		028	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммунал- дық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдасты- ру	373 384,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	45 340 121,0
		008	Елдімекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 422 884,0
		009	Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету	13 152 574,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	236 000,0
		011	Елдімекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	29 528 663,0

		314	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қала- лық орта басқармасы	335 016,0
		007	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	335 016,0
		315	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл эконо- мика басқармасы	386 805,0
		018	Қаланы абаттандыру мен көгалдандыру	386 805,0
		316	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерго- тиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	100 000,0
		041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақта- рының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және парази- ттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дерати- зацияны қоспағанда)	100 000,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	33 130 113,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	56 000,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	56 000,0
		314	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қала- лық орта басқармасы	66 401,0
		014	Мәдениет объектілерін дамыту	66 401,0
		361	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	9 846 632,0
		004	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	7 166 794,0
		005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	483 586,0
		006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	78 000,0
		007	Театр және музыка өнерін қолдау	1 469 570,0
		008	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	648 682,0
		314	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қала- лық орта басқармасы	1 639 231,0
		018	Спорт объектілерін дамыту	1 639 231,0
		323	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт бас- қармасы	10 038 786,0
		001	Жергілікті деңгейде спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	101 166,0
		002	Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2 037 156,0
		003	Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүше- лерінің дайындығы және қатысуы	5 529 306,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 476,0
		016	Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 032 330,0
		032	Бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күр- делі шығыстары	1 335 352,0
		313	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрланды- ру басқармасы	2 185 253,0
		001	Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 090 067,0
		009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	95 186,0
		325	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	3 700 900,0
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	3 700 900,0
		361	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	1 544 831,0
		009	Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 043 047,0
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	501 784,0
		380	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм бас- қармасы	1 498 819,0
		001	Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясат- ты іске асыру жөніндегі қызметтер	126 155,0
		002	Туристік қызметті реттеу	1 368 047,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 617,0
		304	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың креативтік индустриялар басқармасы	814 745,0
		001	Жергілікті деңгейде креативті индустрия саласындағы мем- лекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	110 882,0
		002	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 862,0
		003	Қаланың креативті индустриясын қолдау бойынша қалалық іс-шаралар өткізу	699 001,0
		325	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	1 364 442,0
		001	Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асы- ру	787 862,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	548 974,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	27 606,0
		361	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	374 073,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік сая- сатты іске асыру жөніндегі қызметтер	169 858,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 757,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	196 458,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	21 585 731,0
		316	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерго- тиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	21 585 731,0
		012	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	21 585 731,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	7 455 360,0
		326	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 601 459,0
		011	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 500,0
		014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	247 833,0
		016	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	48 282,0



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылғы 15 наурызда, сағат 10.00-де, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Сейфуллин к-сі, 433-үй мекенжайы бойынша орналасқан «АлЭС» АҚ 1-ЖЭО аумағында, акт залында №103 кабинетте «АлЭС» АҚ 1-ЖЭО, 2- ЖЭО, БЖК ластандыру көздерінде эмиссиялардың автоматтандырылған мониторинг жүйесін (АМЖ) жобалау жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлігі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда ғана жүргізіледі. Тіркеу талқылау басталғанға 60 минут қалғанда басталады.

Карантинді ұзартқан жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтемеге өту керек <https://us05web.zoom.us/j/5605704660?pwd=VnZLZ3N6QVp0dHlSWXNwZ05GNjllZD09>

Конференция сәйкестендіргіші: 560 570 4660

Кіру коды: 7KLer7

Жобаға тапсырыс беруші: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727)2540-327, 2540-329.

Жобаны әзірлеуші: «ЭКОСЕРВИС-С» ЖШС, заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Төле би к-сі, 216Г-үй, кеңсе, БСН 040840000075, байланыстағы тұлға: Тазабеков Асет Жумағалиевич, e-mail: ecoservic@ecoservic.kz, 8 707 966 45 59.

Жергілікті атқарушы органы – «Алматы қ. Жасыл экономика басқармасы» ММ, тел. 8 (727) 262-16-13.

Жоба бойынша құжаттама БЭП <https://ecoportal.kz/> және ЖАО сайтына <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/contacts?lang=ruu.Prirp@almaty.gov.kz> «Қоғамдық тыңдаулар» бөліміне орналастырылды.

Қағаз түріндегі жоба материалдарымен танысуға болатын мекенжай: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, электрондық поштасы: e-mail: zarzyukova@ales.kz.

Ақпарат алуға және құжаттар көшірмесімен танысуға болатын электрондық мекен-жай және телефон нөмірі: e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 2540-327, 254-03-29.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары келесі мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Республика алаңы, 4, «Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы» ММ, тел.: 8 (727) 262-16-13, электрондық мекенжайы: uprigr@mail.ru.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
- * *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
- * *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!


ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Құпиясы көп ағаштар



Жер бетінде ағаштың 73 мың түрі өседі. Осы уақытқа дейін белгілі болып келген түрлеріне қарағанда 14%-ға артқан.

Олардың он мыңы адамзат пен ғылымға әлі белгісіз. Бұл жайында

pnas.org ақпарат көзі дерек таратқан. Халықаралық ғалымдар тобы 38

млн. ағаш туралы ақпарат кездесетін деректер базасындағы мәліметтерді талдай келе, осындай тұжырымға келіп отыр. Бұл бағытта арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың есебінше, шамамен 64 мың ағаш түрі белгілі. Олардың шамамен 43%-ы Оңтүстік Америкада, 22%-ы Еуразия құрлығында, 16%-ы Африкада, 15%-ы Солтүстік Америкада, 11%-ы Океанияда өседі. Түс градиенті неғұрлым қанық (сарыдан қызылға дейін) болса, планетаның белгілі бір аймағында ағаш түрлері соғұрлым мол өседі.

Бұл тарапта Оңтүстік Америкада өсетін ағаштардың әлі 40%-ы адамзат пен ғылымға белгісіз. Соның ішінде ит тұмсығы батпайтын Амазония орманы да бар. Дегенмен, планетадағы кейбір ағаш түрлерінің үштен бірі жойылу алдында тұр.



Жаһандық жылындың әсері

Орта Азия аумағында, соның ішінде Моңғолияның шығысын мекен ететін Тарбақ шырғалақ деп аталатын құс бар.

Аталған құс жаһандық жылыну тұрақты сипат алған Орта Азиядағы құрғақшылықтан Саха жеріне ауып кеткен. Бұл жайында ресейлік ғалым, биология ғылымының кандидаты Евгений Шемякинге жөн сілтеген ТАСС ақпарат агенттігі мәлімдеген. Тарбақ шырғалақ соңғы жылдары, яғни 2018 жылдан бері Саха жерінде ұя салып, жұмыртқа басып жүр. Ғалымның сөзіне қарағанда, бұл құс әдетте Орта Азияның даласы мен орман-тоғайында, Қыыр Шығыста тіршілік етеді. Бүгінде Саха климаты аталған құстың өсіп-өнуіне қолайлы болып тұрған көрінеді.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛІМШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Сабина ЖАБЫКАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
zhbknnv@mail.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефонда-
ры арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

CORONA VIRUS2020/KZ

COVID-19 - ДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ТИІМДІ ТӘСІЛІ - ИММУНДАУ!

Коронавирус инфекциясына қарсы вакцина пайда болғалы бері бүкіл әлемде бірнеше миллиард ересек адам екпе алды.

Коронавирус инфекциясына қарсы вакциналардың қауіпсіздік деңгейі өте жоғары, аурудың асқынуының және науқасты ауруханаға жатқызудың алдын алуға, коронавирус инфекциясынан өлім-жітімді азайтуға көмектеседі.

Кең таралған COVID-19 вакцинациясы - денсаулығына байланысты аса қауіпті топқа жататын кез келген адамды коронавирус инфекциясының ауыр асқынуынан және өлімнен қор маңызды құрал.

«Pfizer» вакцинасын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДСҰ) 12-18 жастағы балалар мен жасөспірімдерді, жүкті және емізулі баласы бар аналарды вакцинациялау үшін ұсынады.

Қазіргі кезде балалар мен жасөспірімдер арасындағы вакцинация әлемнің 20-дан аса елінде 12 жастан, кейбір елдерде 3 жас. (Қытай) және 5 жастан бастап (АҚШ) жүргізілуде.

Америкада «Pfizer» вакцинасымен шамамен 8 миллион адам егілді, оның ішінде 5 жастан асқан балаларды да вакцинациялау басталды.

Қытайда 2021 жылдың қазан айында 3 жастан 17 жасқа дейінгі балаларды коронавирус инфекциясына қарсы отандық вакцинамен егу бойынша шұғыл шара қабылданды.

Қазіргі кезде 60 миллионнан астам балалар мен жасөспірім вакцина алды.

CORONA VIRUS2020/KZ

БИЫЛҒЫ ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН КАНАДАДА 12-17 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ 58%-Ы КВИ-ГЕ ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУДАН ӨТТІ.

Қазақстанда 12-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер, жүкті және емізулі баласы бар аналар арасында коронавирус инфекциясының алдын алу үшін осы санаттағыларға қауіпсіздігі мен жоғары тиімділігі дәлелденген «Pfizer» компаниясының вакцинасы қолжетімді.

ЕЛІМІЗДЕ КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ ТЕГІН ӘРІ ЕРІКТ

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 77-бабына сәйкес, кез келген медициналық емшара, оның ішінде вакцинация егілуінің келісімімен ғана жүргізіледі.

12-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер ата-анасының немесе заңды өкілінің жазбаша келісімімен вакцинацияланады.

ҚАЗАҚСТАНДА ВАКЦИНАЦИЯДАН БАС ТАРТҚАНЫҢҰШІН ӘКІМШІЛІК НЕМЕСЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПҚЕРШІЛІК ҚАРАСТЫРЫЛМАҒАН.

КӨРМЕ

Ертегі – иллюстрация стилінде

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Парижде алматылық Жанар Ерланқызының алғашқы жеке экспозициясы ашылды. Суретші халқымыздың аңызға айналған тұлғаларын ертегі әлеміндегі иллюстрация стилінде көрсеткен.

«Келген қонақтарға көбіне мифологиялық бөлім өте қатты ұнаған сияқты. Өйткені, бәріміз де суреттерге қарап қиялдауды жақсы көреміз. Көргіміз келген нәрсені байқаймыз. Көрермендерге ыңғайлы болу үшін әр картинаның мән-мағынасы жазылған буклеттер бар. Халық қызыға келіп, танысып жатыр», – дейді көрме ұйымдастырушы Жәния Елубаева.

Суретші белгілі тарихшы және лингвист Серікбол Қондыбайдың зерттеулерінен ша-

быттанатынын, халық ауыз әдебиетін жиі оқитынын атап өтті.

«Мифологиялық тақырыпты жаным сүйеді. Осы бағытта кітап жазғым келетіндіктен, алғашқы идея осыдан шықты деуге болады. Ал инстапарақшамды қаңтар айында аштым. Қазақ мифологиясын терең танып-білу барысында сурет салуға деген құлшынысым еселене түсті. Серікбол Қондыбайдың жұмыстарымен танысқан соң шабытым артып, кейіпкерлерді бейнелеуге отырдым. Бәрі осылай басталған. Өзім ұнататын іс болғандықтан, қазақ ертегілерін, белді мамандардың аңыз турасындағы еңбектерін оқимын. Негізгі ой осыдан келеді. Қандай да бір жаңа ақпарат алсам, қызық әңгіме оқысам, сол нәрсені суретке айналдырғым келіп тұрады. Иллюстрацияны салмас бұрын жалпы жұмыс барысын жоспарлап аламын. Бұл ретте түрлі картина жақсы көмектеседі», – дейді Жанар Ерланқызы.



ҚҰНДЫЛЫҚ

Көшпенділер қолөнері

Айжан
БҮРКІТБАЕВА


«Қазақстанның жанды мұрасы» атағының иегері, қолөнерші Әуес Сағынаева Ұлы Дала көшпенділерінің сирек кездесетін киімдерін қалпына келтірумен айналысады.

Қолөнерші киізбен, жүнмен және басқа да материалдармен жұмыс істейді. Оның өнімдерінің басты ерекшелігі – барлық киім тарихи дәлдікпен жасалған. Мысалы, қазақтың киім ілгішіндегі ең сәнді киімдердің бірі – түйе жүнінен тігілген шекпен. Оны тек қазақтар ғана емес, Орталық Азиядағы көршілеріміз де бағалап, киген.

Түйе шекпен байлардың дәстүрлі демалыс киімі болып саналған. Осындай күртешелердің бірі Әуес Сағынаева жасап шыққан. Ол қазақ халқының дәстүрлерін жаңғыртып қана қоймай, оларды жас ұрпаққа дәріптеу бойынша жұмыс атқарып келеді.

Қазір қолданбалы өнермен айналысатын адамдар аз. Мен балаларға оқу жұмыстарын өткіземін, адамдарды шақырамын, киізбен қалай жұмыс істеу керектігін көрсетемін. Студенттер, мектеп мұғалімдері технология бойынша оқу жұмысына қуана қатысады. Қазіргі таңда шеберханам жоқ, үйде жұмыс істеймін, – дейді Әуес апа.

Әуес Сағынаеваның жаңа мансабындағы үлкен қадам «Шебер» Республи-



калық қолөнер байқауына қатысу туралы шешімі болған.

Он жыл бұрын конкурста дәстүрлі кестеленген кеудешені тапсырып, ол «Сапа» номинациясын жеңіп алды.



Бұл өз өмірімде алғаш рет Өзбекстанға білім сапарына қатысуға мүмкіндік берді, – деді қолөнерші. Әуес апа суретші және дизайнер Айжан Бекқұловамен бірлесіп отырып этникалық киім топтамасын жасаған.

«Коллекция бойынша жұмыс бір жылдан астам уақытқа созылды, өйткені Айжан екеуіміз түрлі қалаларда болдық. Дәстүрлі тәрбие алған халық костюмі жөніндегі маман ретінде бастапқыда ұлттық киім канондарына сәйкес келмейтін бейнелерді жасау қиынға соқты, – дейді Ә.Сағынаева.

Коллекция бүгінде Қазақстанның, Ресейдің, Бішкектің және тіпті Делидің (Үндістан) әртүрлі қалаларында Азияның танымал дизайнерлерінің жұмыстары арасында бірнеше рет ұсынылған.